

4

Жаңа бетбұрыстың
байыпты жолы

8

Тастаяқ тамашасына
бөлеген үш күн

Сыр бойы

№11-12 (21086-21087) 24 қаңтар, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТҮ ТАПСЫРЫЛДЫ

Кеше Қазақстан Президенті Қысқы Олимпиада ойындары мен Паралимпиадаға қатысатын ұлттық құрама мүшелеріне Мемлекеттік туды тапсырды. Қасым-Жомарт Тоқаев дүние жүзінің ең мықты спортшылары бақ сынайтын Италиядағы XXV Қысқы Олимпиада ойындары мен XIV Қысқы Паралимпиаданы айрықша маңызды оқиға деп атады.

— Олимпиада ойындарына 40-қа жуық спортшымыз қатысады. Олар спорттың 10 түрінен жарысқа түседі. Ұлттық құрама мүшелерінің жартысынан көбі Олимпиадаға алғаш рет бара жатыр. Жаһандық бәсеке сіздер үшін зор мүмкіндік әрі үлкен сынақ болмақ. Қысқы Олимпиадада жолдама алу үшін спортшыларымыз көптеген белестен өтті. Түрлі халықаралық жарыста табысты өнер көрсетіп, 17 алтын, 31 күміс және 21 қола медальға ие болды. Сонымен бірге біз Паралимпиада ойындарына әзірге 10 лицензия алдық. Лицензия саны әлі де көбеюі мүмкін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы төрт жылда бір өтетін байрақты бәсекеге қазақстандық спортшылар тыңғылықты дайындағанына тоқталып, Қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарында шын мықтылар күш сынасатынын айтты.

— Әрине, спортта жеңісті болжау мүмкін емес. Бірақ Сіздер қатаң іріктеулерден сүрінбей өтіп, Қазақстанның олимпиадалық құрамасына мүше болдыңыздар. Осының өзі, Сіздердің әлеуеттеріңізді, жеңіске деген ұмтылыстарыңызды танытады. Тәуелсіздік алған уақыттан бері спортшыларымыз Қысқы Олимпиада ойындарында шеберлік танытып, бірнеше мәрте жеңіс тұғырынан көріне білді. Владимир Смирнов, Людмила Прокашева, Елена Хрусталева, Денис Тен, Юлия Галышева сияқты Олимпиада жүлдегерлерінің есімдері отандық спорт тарихына алтын әріптермен

жазылды. Әлемдік спорттағы ірі ареналарда топ жарған отандық атлеттердің құрметіне талай рет Әнұран шырылып, еліміздің Туы көкте желбіреді. Алдағы уақытта да жарқын жеңістер күтіп тұрғанына сенімдімін. Жақында Ұлттық құрылтай отырысында атап өткенімдей, спорттағы жетістіктер тұтас еліміздің мәртебесін көтеріп, жалпыұлттық бірлікті және Қазақстан Республикасының қазіргі әлемдегі беделін нығайтады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент намысты қолдан бермеген спортшыларымыз талай бәсекеде топ жарып, еліміздің мерейін асырып, нағыз жасампаз отаншылдықтың үлгісін көрсетіп жүргенін атап өтті.

— Әр азаматымыздың жетістігі — Қазақстанның жетістігі. Әр спортшының абыройы — барша қазақтың беделі. Жеңіске жету үшін талап пен табандылық керек. Сіздер шеберліктеріңізді шыңдап, аянбай еңбек еттіңіздер. Соның арқасында дүбірлі додаға қатысуға мүмкіндік алдыңыздар. Олимпиада чемпионы болу — әр спортшының арманы. Осы мақсатқа бір табан жақын тұрсыздар. «Ел сенімі — ерге жүк» дейді халқымыз. Баптарыңыз және баптарыңыз қатар шауып, жүздеген келесіздер деп сенемін. Барша халқымыз Сіздерге жанкүйер, тілекші болады. Бәріңізге сәттілік, жеңіс тілеймін! Көк Туымыз әрдайым биікте желбірей берсін! — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын Ұлттық құраманың мүшелері Денис Никиша мен Аяулым Әмреноваға және Қазақстан паралимпиадалық командасының мүшесі Ербол Хамитовқа табыстады.

/// ӨРКЕН

ЖҰЛДЫЗДЫ ҚАЛАДАҒЫ ЖАҢА ҮЙЛЕР



Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

Жыл басындағы игілік Байқоңырға да жетті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, зиялы қауым өкілдері, ардагерлердің қатысуымен Байқоңыр қаласындағы 250 пәтерлік 5 тұрғын үйдің табыстау рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін құттықтап, өңірдегі құрылыс, әсіресе, тұрғын үй құрылысының қарқыны бойынша жұмыстарды атап өтті.

— Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Ұлттық құрылтайдың осыдан 100 жыл бұрын Алаш қайраткерлерінің бастамасымен қазақ атауы қайтарылған Қызылорда қаласында өтуі тарихи мәнге ие.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналды. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне берілген. Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда.

Қармақшы ауданында 2023-2024 жылдары 2 млрд 848 млн теңгеге 207 пәтерлік 103 тұрғын үй сатып алынып, кезекте тұрған азаматтарға берілді. Өткен жылдың соңында Жосалы кентіндегі 50 пәтерлік 25 жаңа тұрғын үйдің кілтін табыстадық.

Бірнеше жыл бұрын басталған, мердігердің салғырттығынан құрылысы тоқтап қалған Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлік 5 тұрғын үйдің құрылысын аяқтау үшін облыстық бюджеттен 2 млрд 433 млн теңге қаржы бөлінді. Бүгін сол жұмыс толық бітіп, пәтерлердің кілтін өздеріңізге беруге жиналды.

Жаңа қоныс — игіліктің бастауы. Баспаналарыңыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, әр отбасының шаңырағы татулық пен берекеге толы болғай!, — деді облыс әкімі.

Жиында аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, Қармақшы ауданының, Байқоңыр қаласының өркендеуіне еңбегі сіңген ардагерлер, тұрғын үйлерді салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Константин Бусыгин сөз сөйлеп, ізгі тілегін жеткізді.

Еске салайық, Президенттің, Үкіметтің қолдауымен, Қызылорда облысының әкімдігі Байқоңыр қаласы әкімшілігімен бірлесіп, қаланың, оған іргелес орналасқан Төретам мен Ақай елді мекендерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша мән беріп келеді.

Қазіргі таңда Байқоңыр қаласында ауқымды инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. Көпқабатты тұрғын үйлер газға қосылды. Мемлекеттік бағдарламамен 50 пәтерлік бес тұрғын үй салынып, жаңа шағын аудан құрылды. Қаланың 95 шақырым су құбыры мен 85 шақырым көріз желілері қайта жаңғыртылуда. Тұрғындардың бұқаралық спортпен шұғылдануына қажетті денешынықтыру кешені бой көтеріп келеді.

Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тығыз әріптестік байланыс орнатылып, бірлескен жобалар қолға алынған. Қор 12 млрд 851 млн теңгеге әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыруда.

«СБ» ақпарат


ҚЫЗЫЛОРДА ТАҢҒАЛДЫРУМЕН КЕЛЕДІ



Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы тағдыршешті құрылтай Қызылорда жерінде өтті. Бір ғасыр бұрынғы бесінші съезд туралы тарихтан оқып білдік. Ақмешіттің төріндегі жиянда Алаштың ұлы тұлғалары елдің іргесін бекіткен, тәуелсіздікке ұмтылған арман-аңсарын, идеяларын қанаттандырған құжаттарды қабылдады.

Қызылордада өткен алқалы жиын құрылтай мүшесі, Мәжіліс депутаты ғана емес, қазақтың отаншыл, мемлекетшіл азамат ретінде мені ерекше тебірентті. Бұл жолғы құрылтай Қызылордаға Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген қонақтардың ғана емес, ел-халықтың үмітіне қанат бітірді.

Секциялық отырыстар өтті, соның арасынан бос уақыт тауып, Қызылордада соңғы уақытта



салынған әлеуметтік нысандарды, жұртшылық игілігіне айналған инфрақұрылымдық жобаларды көріп шықтық. Бұл қалаға бірінші келуім емес, бірақ кейінгі жылдардағы Қызылорданың түлегені ерекше қуантады. Жол құрылысы, газдандыру, ауызу, ыстық су, әлеуметтік мәселелер шешімін тапқан, халықтың әл-ауқаты жақсарған. Бұл — облыс тізгінін қолына ұстаған Нұрлыбек Машбекулы Нәлібаевтың еңбегі. Мұны Мемлекет басшысының өзі атап өтті.

Әрине, Президенттен асырып баға бере

алмаспыз, дегенмен өзіміз көзбен көрген игіліктерді жақсы қабылдадым және оны басқа өңірлерге де үлгі етіп айтып жүреміз.

Қызылорда облысының аудан орталықтарының барлығы шойын жолдың және үлкен жолдың бойында орналасқан. Халықтың сол жерде тіршілігін жасауына жол, газ жүргізілген, мәдениет, спорт, медицина нысандары салынған, әлеуметтік саланың мәселелері жолға қойылған.

Қалаға келіп түскен азаматтарды соңғы

үлгідегі заманауи әуежай қарсы алады. Бұл — еліміздегі ең үлкен терминалдардың бірі, аймақ басшысының жүзеге асырған инвестициялық жобасы. Оның игілігін халық көріп отыр.

Әуежайға табанымыз тигеннен өңірдің тыныс-тіршілігін, Ұлттық құрылтайға дайындықты сезіндік. Ұйымдастыруға бүкіл басқармалар, департаменттердің, «Аманат» партиясының азаматтары жұмылған. Жолға шығардың алдында ағартқыш жырғау Алмас Алматов ағамыздың үйінде қонақта болдық. Жыраудың шәкірттерінің ғажайып жырларын тыңдалық, ағамыздың жеті жастағы немересі құманы мен орамалын ыңғайлап, қолымызға су құйды. Қысқасын айтқанда, облыстың басшысынан бастап, жеті жастағы балаға дейін қызмет жасалды. Бұл дегеніңіз елдің бірлігін, тұтастығын, көші дұрыстығын білдіреді.

Қызылорда Қазақ елін өнер, мәдениет бағытында ғана емес, осындай ерекшеліктері арқылы таңғалдырумен келеді. Бұған дейінгі төрт құрылтайдың салмағы өз алдына бөлек, әрқайсысына өзіндік баға берілді. Түйінді Мемлекет басшысы Қызылорда құрылтайында жасады.

Сыр жұртшылығы, жергілікті атқарушы билігі, мәслихат депутаттары, елдің ақсақалдары, әсіресе, кәсіпкерлері жиылып, облыс басшысының жанынан табылды, қонақтарға өте жоғары деңгейде қызмет көрсетті. Мұны Қазақ елінің қай түпкіріне барсақ та, үлгі етіп айтып жүреміз.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

Валюта бағамы

\$ 505,71 kzt

€ 591,43 kzt

₽ 6,65 kzt

Ауа райы:

Сенбі

☀️ -3°

☾️ -9°

Жексенбі

☀️ -2°

☾️ -6°

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚҰРЫЛТАЙ ЖӘНЕ ЕНДІГІ МІНДЕТ



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында берген тапсырмаларын орындау мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысында атап өтілгендей, биыл жаңа теміржол желілерінің құрылысы аяқталады, ал «Қызылорда – Жезқазған» автожолындағы қозғалыс жыл соңына дейін ашылады. «Жезқазған – Сексеуіл» учаскесі жаңғыртылып бітеді. Вокзалдарды реконструкциялау жұмыстары да жалғасады.

Автожолдар саласында биыл «Қызылорда – Ақтөбе» төрт жолақты магистралінің құрылысы басталады.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда Солтүстік Арал теңізін сақтау және халықаралық су ын-тымақтастығын дамытуды одан әрі ілгерілету шараларына қатысты міндеттер белгіледі. Осы жылдың 30 маусымына дейін Солтүстік Арал теңізін сақтаудың екінші кезеңін дайындау аяқталып, жыл соңына дейін қаржыландыру мәселесі, оның ішінде халықаралық ұйымдар есебінен қаржыландыру шешілуі тиіс.

Қазіргі таңда Солтүстік Арал теңізінің көлемі 2023 жылдың басындағы 18,4 млрд текше метрден 23 млрд текше метрге дейін артты. «Көкарал» бөгетін реконструкциялау және су деңгейін 44 метрге дейін көтеруді қамтитын теңізді сақтау жобасының екінші кезеңін әзірлеу аяқталу сатысында. Сонымен қатар, Түркістан және Қызылорда облыстарындағы суару жүйелерін жаңғырту, автоматтандыру бойынша 167 жоба-сметалық құжаттама әзірленуде. Су үнемдеу технологиялары 143,1 мың гектар жерге енгізіліп, шамамен 500 млн текше метр суды үнемдеуге мүмкіндік берді.

Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер бойынша нақты бағыт-бағдар айқындалып, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар жүктелді.

– Құрылтайдың осыдан 100 жыл бұрын Қазақ елінің астанасы болған, «Қазақ» атауы қайтарылған Қызылорда қаласында өткені тарихи мәнге ие. Бұл – бізге жүктелген жауапкершілік пен зор сенім. Құрылтай отырысында ел тарихына алтын әріппен жазылатын, келешек ұрпақ айта жүретін маңызды шешімдер қабылданды. Бұл шешімдер еліміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуына серпін беріп, халқымыздың болашаққа деген сенімін арттырып, ұлт бірлігін нығайтуда маңызды кадам болатыны сөзсіз.

Тағы бір қуанышты жаңалық, Президентіміз 10 жерлесімізді жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттады. Құрылтайдың жоғары деңгейде өтуі – әріптестеріміз бен барша Сыр жұртшылығының бекем бірлігінің, ерен еңбегінің жемісі.

Алдағы уақытта Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды сапалы әрі жүйелі орындауымыз қажет, – деді облыс әкімі.

Мәжіліс соңында Н.Нәлібаев маңызды іс-шараны ұйымдастыру жұмысына, қаланың тазалығына атсалысқан мекемелердің еңбегін айрықша атап өтті. Бірқатар қызметкерлер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

АУЫЛҒА СӘН БЕРГЕН СПОРТТЫҚ КЕШЕН



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер Қазалы ауданы Бекарыстан би ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

Салтанатты жиында аймақ басшысы спорт саласын өркендетуде, жұртшылықты салауатты өмір салтына ынталандыруда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Кеше ғана Сыр елінің бас шаһарында өткен құрылтай отырысында ел тарихына алтын әріппен жазылатын, келешек ұрпақ айта жүретін маңызды шешімдер қабылданды. Бұл шешімдер еліміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуына серпін беріп, халқымыздың болашаққа деген сенімін арттырып, ұлт бірлігін нығайтуда маңызды кадам болатыны сөзсіз.

Мемлекет басшысының ерекше қолдауы баршамаңызды жаңа жетістіктерге жетелейді, еселенген жауапкершілік жүктейді. Президентіміздің ауылды дамыту, аймақтардың әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, оларды елдегі саяси-экономикалық процестерге белсене қатыстыру жөніндегі бастамалары стратегиялық маңызға ие.

Аймағымызда тұрғындардың бұқаралық, кәсіби спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалуда. 2022 жылдан бері 24 спорт нысаны, атап айтқанда, Орталық стадион, Теннис, Инклюзивті

/// ИГІЛІК

АСПАЛЫ КӨПІР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер Қазалы ауданының Әйтеке би кентіндегі теміржол арқылы өтетін аспалы көпірдің ашылу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты құттықтап, жол инфрақұрылымын дамытудағы ауқымды жұмыстарды атап өтті.

– Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт» деген болатын.

Осы мақсатта өңірімізде белсенді жұмыстар атқарылууда. Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен 2022-2025 жылдары 1 600 шақырым автомобиль жолы мен көшелерді, 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 150 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Өткен жылдың өзінде жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 50 млрд 605 млн теңге қаралып, 329 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелері жөндеуден өтуде.

Қазалы вокзалы жанындағы 1,3 млрд теңгеге салынған теміржол үстінен өтетін аспалы көпір – осындай байыпты бастамалардың жалғасы. Бүгін ел игілігіне табыстатын жаю жүргіншілерге арналған көпірді Әйтеке би кентінің арғы бетінде тұратын 13 мыңнан астам тұрғын қолданады. Бұл өткел арқылы 2 мыңнан астам адам күнделікті әрлі-берлі қатынайды. Сондықтан



да жұртшылықтың теміржолдан қауіпсіз әрі тез өтуіне тигізер пайдасы ұшан-теңіз.

Көпірді сапалы етіп салып, мерзімде аяқтаған мердігер «ҚазТеміржол Engineering» ЖШС-ның құрылысшыларына алғыс білдіреміз. Қуаныштарыңыз құтты болсын! Жаңа көпір жақсылықтың бастауы болғай, – деді облыс әкімі.

Рәсімде «Күрмет» орденінің иегері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Оразғали Бекбанов бата берді. Теміржол саласында еңбек ететін мамандар мен көпір құрылысын салған мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Кейінгі жылдары теміржолдан өтетін көлік

ЗАУЫТ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, жауапты сала басшылары Арал ауданындағы түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығаратын зауыт құрылысымен танысты.



Жоба бастамашысы «Qazaq Camel» ЖШС 392 тонна өнім шығарады деп жоспарлануда. Зауыт құрылысына 3 млрд теңге қаржы салынған. Оның 1,8 млрд теңгесі мемлекет қолдауы, яғни жеңілдетілген несие, 1,2 млрд теңгесі жеке қаражат есебінен. Осы жылдың наурыз айында іске қосылып, 23 адам жұмыспен қамтылады.

Негізгі өндірістік ғимараттың құрылысы мен қондырғыларды орнату 90% аяқталған. Қазіргі таңда монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Аймақ басшысы осы жерде шаруа қожалықтары және шағын кәсіп иелерімен кездесіп, бастаған істі дамыту, өнім өндіру мен өңдеуді жолға қою мәселелерін талқылады. Бірінші кезекте сапаға мән беріп, өндіріс көлемін ұлғайту қажет екенін атап өтті.

Еске салайық, өткен жылдың қорытындысымен өңдеу өнеркәсібі саласында 406,3 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, көрсеткіш 6,4%-ға өсті. Нақты айтсақ, тамақ өнімдерін өндіру 3,4%-ға, мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісі 5,2%-ға, жиһаз өнеркәсібі 43,6%-ға, жеңіл өнеркәсіп 12,4%-ға, химия өнеркәсібі 2,7%-ға, құрылыс индустриясы 4,3%-ға, резенке және пластмасса бұйымдар өндірісі 1,7%-ға артты.

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР БӨЛІМШЕСІ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, пен облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тлеумбетов, «Петро Қазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ вице-президенті Серік Қожаниязов, зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер Арал аудандық көпбейінді орталық ауруханасының 25 төсектік жұқпалы аурулар бөлімшесінің ашылу салтанатына қатысты.

Аймақ басшысы саладағы жаңа-шылықтарға, халыққа медициналық қызмет көрсету сапасын жақсартуда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Президентіміз «Денсаулық сақтау жүйесін дамыту, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған. Өйткені медицинаның деңгейі мен қолжетімділігі – еліміздегі өмір сапасының негізгі көрсеткіші» деген болатын.

Мемлекет басшымыздың тапсырмасымен, Үкіметтің қолдауымен денсаулық сақтау саласын дамытуға, халықтың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыруға бағытталған кешенді шаралар нәтижелі жүзеге асуда.

Ұлт саулығы – мемлекетіміздің негізгі капиталы десек, баға жетпес қазынаны қызғыштай қорып жүтпес медицина саласы қызметкерлерінің адал ісін жоғары бағалаймыз, әрдайым құрметпен қараймыз.

Ел игілігіне табыстатын жұқпалы аурулар бөлімінің жаңа ғимараты,

ондағы дәрігерлер науқастың дертіне дауа, көңіліне рауан беріп, халық ықыласына бөленеді деп сенеміз, – деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты жиында ауданның өсіп-өркендеуіне үлес қосқан медицина саласының қызметкерлері мен мердігер мекеменің құрылысшылары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Наурызбай Байқадамов, Ризабек Ожаров сөз сөйлеп, жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

Жұқпалы аурулар бөлімшесінің құрылысы қайтарылған активтер есебінен 2,3 млрд теңгеге қаржыландырылды. Оған қоса аудандық аурухана жанынан «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында кардиология және инсульт бөлімшелері орналасқан қосымша құрылыс аяқталып, халық игілігіне берілді. Оған да қайтарылған активтер есебінен 2,1 млрд теңге бөлінді.

Кейінгі уақытта 206 млн теңгеге құрал-жабдықтар алынып, аурухананың



материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Енді аудан тұрғындары облыс орталығына немесе басқа қалаларға сабылмай, сырқаттанғандарға мамандандырылған көмек көрсету үшін ашылған жергілікті жердегі бөлімшеде толыққанды ем алады.

Айта кетейік, соңғы үш жылда облыстың денсаулық сақтау саласына 450 млрд 100 млн теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйткілді мәселелер шешімін тауып келеді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ау-

данда 28 медициналық нысан салынды.

Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана бой көтеруде, 4 аудандағы орталық ауруханалар жанынан қосымша ғимараттар ашылды.

Өткен жылы Шиелі ауданында жұқпалы аурулар бөлімшесінің жаңа ғимараты ел игілігіне табысталған болатын. Қызылорда қаласынан 200 орындық перинаталдык орталық пен 500 орындық емхана салуға Үкімет тиісті қаулы қабылдады. Жакын күндері құрылысы басталады. Бұдан бөлек, 400 орындық емхананың да іргетасы қаланады.

Тұрғындар сұранысына сәйкес соңғы екі жылда жергілікті бюджет қаржысына 225 жаңа санитарлық автокөлік, 45 жедел жәрдем көлігі алынып, пайдалануға берілді. Барлық елді мекендегі денсаулық сақтау мекемелері арнайы қызметтік автокөлікпен 100 пайыз қамтамасыз етілді.

Кейінгі жылдары 24 медициналық нысан күрделі жөндеуден өткізілді, 15 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды. Жабдықталу деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 90,2 пайызға жетті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

АРАЛДЫҚТАР ЕНДІ АЛЫСҚА САБЫЛМАЙДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров пен облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тлеумбетов, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ вице-президенті Серік Қожаниязов Арал аудандық ауруханасына жапсарлас салынған 51 төсектік ғимаратты көріп, жұмысымен танысты.

Ғимарат құрылысын «Ұлт саулығын нығайту» ұлттық бастамасы аясында қайтарылған активтер есебінен бөлінген 2,3 млрд теңге қаржыға «Иман» серіктестігі салды. Жана нысанда 17 төсектік нейро-инсульт және 34 төсектік кардиология бөлімшелері жұмыс істейді.

Алдағы уақытта орталықты заманауи медициналық құрал-жабдықтармен, атап айтқанда, магниттік-резонанстық томография және ангиограф қондырғыларымен жабдықтау жоспарланған. Бұл бөлімшелер аудан тұрғындарының Ақтөбе және Қызылорда қалаларына бармай-ақ, жергілікті жерде жоғары деңгейлі медициналық тексеруден өтуіне, ем алуына мүмкіндік береді.

Айта кетейік, Арал ауданындағы инфрақұрылымдық жобаларға және әлеуметтік нысандар салуға бюджеттен 38 млрд 740 млн теңге қаржы бөлінді. «Келешек мектебі», «Руханият орталығы», «Қамқорлық» оналту орталығы, 150 пәтерлік 75 тұрғын үй, теміржол үстінен өтетін көпір пайдалануға берілді.

Сексеуіл кенті табиғи газ желісіне қосылып, мұнда да 300 орындық «Келешек мектебі» мен 40 төсектік аурухана іске қосылды. Токабай ауылында жана дәрігерлік амбулатория, демеушілердің қолдауымен апатты жағдайдағы мектептің орнына 500 млн теңгеге жаңа білім ошағы салынды. Жақында елді мекен таза ауызсумен қамтылды.

Ақшатау ауылында 60 орындық жана мектеп шәкірттерін қабылдады. Ақбасты, Ерімбетжаға және Тастүбек ауылдарына орталықтандырылған



ауызсу желісі тартылды. Ал Абай ауылы тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету жұмыстары жақын күндері толық аяқталады.

Шижаға елді мекеніне де табиғи газ келді, Қамыстыбас ауылында 6 млрд 300 млн теңге қаржыға автоматтандырылған газ тарату стансасы іске қосылды. Аталған станса арқылы Арал ауданына қарасты 18 елді мекендегі 15 мыңға жуық тұрғынды «көгілдір отынмен» қамтуға мүмкіндік бар.

Жыл басында Мергенсай ауылында құрылысына 2 млрд 333 млн теңге қаржы бөлінген 150 орындық жана мектеп пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, «Қазақстан Темір жолы» ұлттық компаниясының қолдауымен аудан аумағындағы теміржол вокзалдарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

САРБҰЛАҚ АУЫЛЫНА АУЫЗСУ БЕРІЛДІ

Қазалы ауданындағы Сарбұлақ ауылына ауызсу қосу рәсімі өтіп, оған Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Облыстық мәслихат төрағасы сарбұлақтықтарды құттықтап, ауылдарға, әсіресе шалғай елді мекендерге инфрақұрылым игіліктерін жеткізудегі жетістіктерді атап өтті.

«Сыр елінің бас шаһарында өткен, егемен еліміздің болашағы үшін маңызды шешімдер қабылданған Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы тарихымызға алтын әріппен жазылды. Қабылданған шешімдер халқымыздың болашаққа деген сенімін арттырып, ұлт бірлігін нығайтады.

Алқалы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

«Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидаты шалғай елді мекендерге ауызсу, газ тартылуына, жол мен заманауи әлеуметтік нысандар салынып, тұрмыс сапасын жақсартуға оң ықпал етуде.

Осы орайда Сарбұлақ ауылын таза ауызсу желісіне қосу жұмыстарымен айналысқан мердігер «Дәнекер» мекемесіне, игі іске атсалысқан барша азаматтарға шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Таза ауызсудың келуі тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартта түседі деп сенеміз», – деді Мұрат Жолкелдіұлы.

Рәсімде ауылдың өркендеуіне үлес қосқан аға буын ардагерлерге, ауызсу жүргізген мердігер мекеме қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Наурызбай Сейтқалиұлы сөз

сөйлеп, ауыл ақсақалы Сердалы Сағымбаев батасын берді.

Президент тапсырмасымен мемлекетке қайтарылған активтер есебінен аймақта денсаулық сақтау, білім беру, спорт және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бағытында әлеуметтік жобалар жүзеге асуда.

Аталған жоба аясында Сарбұлақ, Шилі, Шәкен және Шитүбек елді мекендерін ауызсу желісіне қосуға республикалық, облыстық бюджеттен және қайтарылған активтер есебінен 1,5 млрд теңге қаржы бөлініп, бүгінде құрылыс жұмыстары толық аяқталды.

Енді Сарбұлақ ауылына таза ауызсу келіп, шалғай елді мекеннің тұрғындары көптен күткен игілікке қол жеткізді. Нәтижесінде Қазалы ауданының халқы 100 пайыз таза ауызсумен қамтылды.

Айта кетейік, өткен жылы Қазалы ауданының бюджеті 27 млрд теңгеге жетті. Ал соңғы үш жыл ішінде аудан экономикасына шамамен 80 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылған.

2022-2024 жылдары «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 31 млрд 600 млн теңгеге өңірдегі 78 ауылдың әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 343 жоба жүзеге асты. Өткен жылы 41 елді мекендегі 66 жабаға 15 млрд 155 млн теңге қаралды. Мемлекет басшысының елді мекендерді түгелдей орталықтандырылған сапалы ауызсумен қамтамасыз ету тапсырмасы 100 пайыз орындалды.



АРДАГЕРЛЕРДІҢ АЛҚАЛЫ ЖИЫНЫ

Кеше «Достық үйінде» облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбеттің қатысуымен облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті ІХ конференциясы өтті. Конференцияға зиялы қауым өкілдері, ардагерлер ұйымының мүшелері мен қоғам белсенділері қатысты.



Жиында Мейрамбек Зинабдинұлы ардагерлердің ақыл-парасаты мен өмірлік тәжірибесі өңірдегі қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтауда маңызды фактор екенін айтып, аға буынға жасалған қамқорлық пен атқарылған жұмыстарға тоқталды. Сонымен бірге Ұлттық құрылтайдың V отырысында көтерілген мәселелерді саралады.

– Бірнеше күн бұрын төл тарихымызда айрықша орын алатын Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтті. Алқалы жиынның Сыр өңірінде табысты және мазмұнды өтуі – баршамыз үшін үлкен мәртебе. Құрылтай отырысында Мемлекет басшысы өңіріміздегі ауқымды істерге арнайы тоқталып, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, инфрақұрылымды жаңғырту, халықтың тұрмыс сапасын арттыру бағытында жүзеге асырылып жатқан жүйелі бастамаларға оң бағасын берді.

«Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі» деп аймақ басшысының еңбегін ерекше атап өтті.

Бұл – соңғы жылдары аймақ басшысының тікелей үйлестіруімен Сыр өңірінде жүзеге асқан кешенді жұмыстардың нәтижесіне берілген нақты баға, аймақтың даму әлеуетіне деген зор сенімнің көрінісі. Ең алдымен, еңбекқор және бірлігі бекем Сыр өңірін елдік мүддені бәрінен биік қоя отырып, аймақтың дамуы мен келешегі үшін жауапкершілікті терең сезінген әрбір азаматтың есепті еңбегінің нәтижесі деп білеміз.

Бережелі бірлік пен ортақ жауапкершілікті нығайтуда ардагерлер қауымының үлесі зор. Бүгінде ардагерлер кеңесі – бір ғана қоғамдық ұйымның емес, тұтас өңірдің рухани ахуалын айқындайтын маңызды институт.

Сіздер ел басынан өткен қылы кезеңдерді көріп, тәуелсіздіктің тұғырын бірге бекемдеген аға буынсыздар. Бүгінгі бейбіт өмір мен тұрақты қоғам – сол жылдардағы табандылық пен төзімнің, қажырлы және адал еңбектің нәтижесі. Сондықтан ардагерлердің пікірі қашанда салмақты, қарттарымыздың сөзі өмірлік тәжірибеге негізделеді.

Облыстық ардагерлер кеңесінің қызметі қоғамдағы татулық пен келісімді нығайтуға, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге өлшеусіз үлес қосуда, – деді Мейрамбек Зинабдинұлы.



– Өңірімізде қазыналы қарияларды жан-жақты әлеуметтік қолдау, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бұл максатта облыстық бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі жыл сайын артып келеді. Кейінгі үш жылда мемлекет тарапынан жылына біррет төленетін әлеуметтік көмектің көлемі Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 1,5 млн теңгеден 5 млн теңгеге, оларға теңестірілген ардагерлер мен тыл ардагерлеріне 90 мыңнан 196 мың теңгеге ұлғайды. Өткен жылы 1700-ге жуық ардагерге барлығы 322 млн теңге көлемінде бірреттік әлеуметтік көмек көрсетілді.

Облыста бірнеше жылдан бері «Сыр мейірімі» жобасы жүзеге асуда. Жоба аясында көмекке мұқтаж 225 жалғызбасты қарт пен мүгедек, аз қамтылған отбасылар түскі аспен қамтамасыз етіледі.

Өткен жылы меценат, жанашыр азаматтардың демеушілігімен 130-дан астам ардагер «Мерке», «Сарыағаш», «Манкент», «Жанақорған» шипажайларында кешенді сауықтыру қызметін алды.

Жыл сайын 2 мыңнан аса егде жастағы азамат шипажай қызметіне ұқсас арнаулы әлеуметтік қызметпен қамтылады.

Биыл арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыруға бюджеттен 2 млрд 900 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Кешенді жұмыс алдағы уақытта да жалғаса береді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Жиын барысында облыстық ардагерлер кеңесінің өткен кезеңде атқарған жұмыстары қорытындыланып, алдағы уақытқа арналған басым бағыттар айқындалды. Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, қоғамдық бастамаларға



белсенді араласу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Облыстық ардагерлер кеңесінің атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері туралы кеңес төрағасы Серік Дүйсенбаев баяндады.

– Облыстық ардагерлер ұйымы 2 қалалық және 7 аудандық ұйымға біріккен. Сондай-ақ қала мен аудандық кеңестердің атқарған жұмыстары облыстық кеңестің алқа отырыстарында қаралып, жан-жақты талқыланып, өзекті мәселелерін шешуге қолдау көрсетіледі. 2021-2025 жылдар аралығында жоспарлы әрі жүйелі жұмыс жүргізілді. 1 конференция, 6 пленум және 24 алқа отырысы өткізілді. Қазіргі таңда облыста 88 мыңға жуық ардагер бар. Аймақ басшысы әрбір ардагерді қоғам өмірінен тыс қалдырмай, іс-шараларға белсене араласуына жағдай жасап келеді.

Зейнеткерлерді бастауыш ұйымдарға тартып, тіркеп, ардагерлер қатарына топтастыру мен бірлігін сақтау, бастауыш ардагерлер

ұйымдарының жүйелік құрылымдарын жетілдіру, олардың белсенділігін арттыру – ардагерлер ұйымдарының міндеті. Дегенмен, мәліметті зерделей келе, Байқоңыр қаласында зейнеткерлердің ұйымға есепке тұруы 5,7% ғана, Қызылорда қаласында 59,7%, ал аудандар арасында Сырдарияда 71,2% болып отыр. Бұл – облыстағы төменгі көрсеткіш. Байқоңыр, Қызылорда қалалық және Сырдария аудандық ардагерлер ұйымдарына бұл бағыттағы жұмысты жандандыру қажет, – деп атап өтті Серік Дүйсенбаев.

Шарада облыстық ардагерлер кеңесі тексеру комиссиясының есебі де тыңдалды.

Сонымен қатар Сыр өңіріндегі Ұлттық құрылтайдың V отырысының маңызы атап өтіліп, алқалы жиын ел бірлігін күшейтіп, қоғамның ортақ жауапкершілігін арттырған маңызды қоғамдық-саяси оқиға ретінде бағаланды. Мемлекет басшысы тарапынан өңірде атқарылып жатқан жұмыстарға берілген оң баға конференция барысында кеңінен айтылды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



ЖАҢА БЕТБҰРЫСТЫҢ

Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды жиынынан кейін қоғамда түрлі пікір талқысы болып жатыр. Шын мәнінде, бұл тағдыршешті мәселелермен айшықталған аса маңызды басқосу болды. Осы ретте «Сыр бойы» газетінің «Талқы» айдарында бірқатар қоғам қайраткерлері және сала өкілдерімен пікірлесу сәті түсті. Нақтырақ айтқанда, «Талқының» пікір алаңында мемлекет және қоғам қайраткерлері Мұрат Бақтиярұлы, Нәжмадин Мұсабаев, облыстық мәслихат депутаты Жорабек Нұрымбетов, физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Бауыржан Елеусінов және ҚР Мәдениет қайраткері Берік Саймағанбетов Ұлттық құрылтайдан түйген ой-тұжырымдарын ортаға салды. Басқосуды газеттің бас редакторы Қуат Шарабидинов жүргізді.



Қуат Шарабидинов: – Қош келдіңіздер! Алдымен арамызда күні кешегі Ұлттық құрылтайда Президент қолынан мемлекеттік марапат алған Мұрат Бақтиярұлы ағамызға тағы да құтты болсын дейміз. Сонымен Қызылордада өткен тарихи жиынның мазмұны мен ел өміріндегі тың өзгерістер бастауына қатысты жаңалықтар бәрімізге аян. Әйтпесе де Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сөз басында Қызылорда облысында, әсіресе әлеуметтік салада, инфрақұрылымды дамытуда жүзеге асып жатқан ірелі істерге оң баға берді. Бұл ретте Президент еңбек адамдарына ерекше тоқталғанын да жақсы білесіздер. Қандай ой қорытуға болады?

Теңіз – тіршілік өзегі

Мұрат Бақтиярұлы: Ықылым заманнан бері Қазақ хандығы мен сол уақыттағы халық тарихында болып келген Ұлттық құрылтайдың ролі әр дәуірде орнын айқындап келді. Ал Сырда өткен бесінші Ұлттық құрылтайдың негізгі өзегі – ел мүддесі, халық мәселесін тағы бір саралау. Әрі оның бір ғасыр бұрын қазақ атауын қайтарған Ақмешіт жеріндегі өтуі – Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының тарихи шешімі.

Осы басқосуда Мемлекет басшысы айтқан көптеген мәселе мен ұсыныстар осыған дейін БАҚ беттерінде айтылып, жазылып жүрді. Саяси және экономикалық мәні бар Ұлттық құрылтайда өзіме ыңаған екі мәселені баса айтқым келеді.

Алғашқысы – Кіші Аралдың қазіргі жағдайы. Бұл – ауқымды тақырып. Қазір мұны нағыз су шаруашылығының (Жорабек Нұрымбетов – автор) маманы толықтырады деп сенемін.

Президент айтқан екінші ұнамды сөз – жол инфрақұрылымы. Ұмытпасам, 2008-2009 жылдары біздің өңірді кесіп өтетін «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының құрылысы жүрді. Қаржылық қиындық болып, әу баста Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі жол төрт жолақтан екі жолаққа ауысты. Осылайша І санатты болып салынатын жол ІІ санатқа ауысты. Ал Алматыдан бері қарай біздің облыс орталығына дейінгі жолдың төрт жолақты, І санатты екені белгілі.

Енді осы екі жолақты жолдың қиындығы кейінгі 7-8 жылда анық байқалды. Өйткені, жеке автокөліктерден бөлек, жүк тасымалы күрт артты. Бұдан кейін мәселе туатыны айтпасқаң да белгілі. Рас, аталған бағыттағы жолдың тарлығы бұған дейін де айтылып келді. Бірақ кешегі құрылтайда Мемлекет басшысы соңғы нүктесін өзі қойды. Техникалық құжаттары сараптамадан өтті, тиісті қаржы биыл шешіліп, ауқымды құрылысы басталатын болды. Бұл құрылыстың қаржысы республикалық бюджеттен және арнайы қолдау банктерден алынбақ. Жол құрылысы басталса, алдағы екі жылда тәмамдалады деген сенім бар.

Ұлттық құрылтайда заманауи кітапхана салу мәселесі де сөз болды. Жергілікті атқарушы орган ендігі жерде құрылыс орнын анықтап та жатқан шығар. Жалпы елімізде кітапхана, кітап оқыту мәселесі – үлкен мәселе. Бұл нысан қала орталығынан керемет үлгіде салынады деп ойлаймын. Ал Президент айтқан жаңа драма театрының құрылысы да көп кешікпейтіні анық.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сырдың бойына, біздің облысқа деген шын ықыласын республика естіді. Көрсеткіш жоғары, даму қадамы қарқынды. Бұл – барша қызылордалықтар үшін үлкен жетістік.

Жорабек Нұрымбетов: Дұрыс айтсаңыз, Мұрат Бақтиярұлы. Басқосуда Президентіміз облыстың өзге өңірлерден оқ бойы озық екенін әр сала бойынша талдап айтқаны бәрімізді қуантты. Атқарылған жұмыстарға ризашылығын білдіріп, жоғары баға берді.

Ал Ұлттық құрылтай барысында айтылған мәселелердің қай-қайсысы да өзекті. Расымен де Сыр елінің басты күнкөрісі суға байланысты екені ақиқат. Бір белгілі нәрсе, біз Тәуелсіздік алғалы бері есептесек, Қазақстанға көршілес үш мемлекетте Су министрлігі жұмыс істеді. Бізде мұндай құрылым жойылды. Осы мәселені біз ұдайы көтеріп жүрдік. Екі жыл бұрын Қасым-Жомарт Кемелұлы жағдайды зерделеп, елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігін құруға шешім шығарғаны есте. Сол уақыттан бері көп өзгеріс бар.

Бізде Арал теңізінің деңгейі 18 млрд текше метрге дейін түсіп кеткен еді. Кейінгі екі жылда қайтадан 23 млрд текше метрге жетті. Демек, істеліп жатқан жұмыс жоқ емес. Бұған дейін Сырдария суына ортақ көрші мемлекеттермен кездесулер өткенмен, олардың тарапынан ешқандай келісімшартқа қол қойылған жоқ. Былтырдан бері Президент Ташкенттегі көрші мемлекеттердің басшыларымен кездесуде бұл

мәселенің шешілуіне қол жеткізді. Тиісті құжатқа да қол қойылды.

Табиғаттың заңдылығына қатысты су тапшылығы жылдан-жылға күрделеніп баралы. Таудағы мұздақ не жауын-шашынның аз түсуі осыған тікелей әсер етеді. Бірақ қанша су аз дегенмен де біз Арал теңізіне құятын суды еш кемітпеуіміз керек. Жақында Ташкентте екі елдің салалық министрлері кездесіп, бұл жағдай тағы да пысықталды. Бұл жерде судың көлемін әділ бөлуге қол жеткіздік. Әрі келетін судың көлемін өзіміз де біліп отыратын болдық.

Теңізге көмек беру, қолдау шаралары тоқтап қалмайды. Жалғаса береді. Осыған дейін «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының бірінші бөлігі жүзеге асты. Осының арқасында Сырдағы балық шаруашылығы қайта жанданып, ондағы елдің әлеуметтік әлеуеті де көтерілді. Қазір осы жобаның екінші бөлігін іске асыру мұқият зерделеніп отыр.

Президенттің Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құру және алдағы сәуірде өтетін Халықаралық экология саммитінде Аралды құтқару қорына мүше мемлекет басшыларымен Арал мәселесін талқылау туралы айтқаны көпшілікке бірден ыңағанын айту керек. БҰҰ-да бұл мәселелер кеңінен қозғалса, аталған ұйым құрылып, оған Сырдария өзенінің жағдайы кірсе, мемлекеттер арасындағы суды бөлісуде нақты тәртіп орнайды деп ойлаймын.

Сондай-ақ «Көкарал» бөгетін қайта биіктету, яғни бағдарламаның екінші бөлігіне қаржыны шетелден тарту жұмысы Үкіметте сөз болды. Қазір осы жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі даяр тұр. Жалпы Арал тағдыры, ондағы су тапшылығы әлем деңгейінде қозғалса, жағдай анағұрлым дұрысталады.

Бұған дейін бір айтылған ұсыныс – Сібір өзендерін бұру арқылы Сырдария арнасына су әкелу жайы болатын. 1975-1976 жылдары мұндай үлкен жоба болған. 80-жылдарға қарай жұмыс енді басталғанын тұрғанда «Ресей экологиясына зиян» деген желеумен айтқан бірқатар академиктің қарсы пікірімен аяқсыз қалған. Бұл ұсыныстың арасында өзіміздің солтүстіктен бастау алатын өзендер мен көктемде Сырдария арнасына еріген қар суын пайдалану туралы да бар. Арнайы есепке жүгінсек, біздің өзімізге осы әдіспен жылына 5 млрд текше метр су тас тауға болады екен.

Осы жердің перзенті ретінде көңіліміз маркайып отыр

Нәжмадин Мұсабаев: Біріншіден айтарым, бұл құрылтай тарихи белеске тұспа-тұс келді. 1925 жылы Сыр бойының бас қаласы Қазақ АССР астанасы болып, «қазақ» атауы қайта жаңғырған еді. Арада жүз жыл өткенде бесінші құрылтайдың осы қалада өткізілуі тарихи сабақтастық дер едім. Одан бері талай уақыт өтті, буын алмасты, тарих өзгерді. Соңғы құрылтай Қызылорда қаласының ғана емес, бүкіл облыстың жасарып-жайнап, қайта жаңғырып, даму кезеңінде өтті. Сыр топырағына алғаш рет табан тіреген немесе соңғы 15-20 жыл көлемінде келмеген адамдардың пікірін тыңдап, осы жердің перзенті есебінде

көңіліміз маркайып отыр. Расымен, Қызылорда басқа өңірлерге қарағанда барлық жағынан өркендеп келеді. Мемлекет басшысының облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының аймақ дамуы бағытында атқарған еңбегіне жоғары баға бергені халықтың да мерейін өсірді.

Он жыл Арал ауданының әкімі болған, сол қызметтен зейнетке шыққан адам есебінде, теңіз тағдырына қатысты Президент көтерген мәселеге тоқталғым келеді. Аралдың тартылуы – жалғыз Қазақстанның емес, Орта Азияның, тіпті жер жүзінің қасіреті. «Арал тағдыры – адамзат тағдыры» деп те айтып жүріміз. 1992 жылы Қызылорда қаласында 5 республиканың басшылары қатысқан Арал проблемасы жөніндегі өте маңызды жиын өтті. Аралды құтқару жөніндегі қор құрылды. Содан кейін бұл проблемаға әлемнің назары ауды. Қызылорда облысын басқарған қоғам және мемлекет қайраткері Сейітбек Шаухамановтың кезінде «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» қаулыны қабылдау жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамында болдым. Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша шұғыл шаралар жөніндегі қаулы шықты. Халыққа жағдай жасау қиын болып тұрған шақта 21 пункттен тұратын қаулы қабылдау ерлікпен парапар еді. Жұрт қазір соның игілігін көріп отыр. Қызылорда инженерлік-экономикалық институты құрылды. Облысымыздың сол кездегі байлығы – мұнайдың есебінен оқу ғимараты, жатақханасы, ТМД-да теңдесі жоқ аурухана салынды. Бұл заңның шарапатын Қызылорда ғана емес, Жезқазған облысының сол кездегі Жезді, Ақтөбе облысының Ырғыз аудандары, сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысының 3 ауданы сезініп отыр. Қызылордаға көршілес өңірлердің жакын аудандарын қамту жөнінде маған кеңес берген академик Балмұханов еді. «Сол кезде ғана сол өңірлерден сайланған депутаттар заңды келдергіз өткізеді» деген болатын ағамыз. Шындығында солай болды. Заңның үш бабы әлі күнге күшінде. Біз енді Кіші Аралдан айырылып қалмаудың қамын жасауға тиіспіз. Әйтпесе, экологиялық қасірет бұдан да күрделене түседі. Президент бастамалары облыс тұрғыны ретінде болашаққа үмітімізді арттырды.

Бауыржан Елеусінов: Арал мәселесі облысымыз, еліміз немесе орталық Азия аймағы үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін маңызды. Теңіз табанынан көтерілген тұз Канада, Жапонияға дейін тараған. Су тапшылығы жылдан-жылға күрделене береді. Себебі Арктика мен Антарктидада мұз еріп, ғаламдық жылыну процесі жүріп жатыр. Ғалымдар мен табиғат жанашырлары жердің орташа температурасы қауіпті шекке жеткенін, алып мұздықтардың еруі қоршаған ортаға кері әсерін тигізе бастағанын айтып, дабыл қағып отыр. Парижде өткен жалаңддық жылыну жөніндегі жиында Тәжікстан президенті Эмомали Рахмонов қолдерге жойылу қаупі төніп тұрғанын жасырмады. Бұдан бізге келетін су молшері азаятын түсінікті. Су – қайтадан қалпына келмейтін ресурс. Сондықтан оны ұқыпты әрі үнемдеп пайдалану арқылы ғана тығырықтан шыға аламыз. Бұл – Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың бірі. Елімізде 143,1 мың гектар жерге су үнемдеу

технологиялары қолданылса, шамамен 500 млн текше метр суды үнемдей аламыз. Алдыңғы жылы Қытайда болып келдім. Суды біздегі сияқты пайдаланбайды. Тамшылатып суару әдісін жиі қолданады екен. Сондықтан біздің облысқа да суды үнемдеу технологияларын барынша кеңінен қолданысқа енгізу керек. Талапқа бағынбаған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастыру керек. Таразының бір басында егін, әсіресе, суды көп қажет ететін күріш шаруашылығы, ал екінші басында Арал экологиясы тұр. Сондықтан күріш егістігінің көлемін реттеу керек.

Қуат Шарабидинов: Қоғамда болып жатқан қатыгездік, оқын оқиғалар тұрғысында Президент қатты сын айтты. Қандай ой қосасыздар?

Берік Саймағанбетов: Бұл ішкі мәдениетке қатысты деп ойлаймын. Оны қалыптастыру үшін аз уақыт кетпейді. Баланы бесіктен бастап тәрбиелеу керек. Ұрпақ тәрбиесі деген күрделі мәселе. Қазіргі қоғамда әкесін ұрып-соғып жатқандарды, шешесі қызын ақша үшін сатқанын да көріп отырмыз. Ол – азындыққа кетіп бара жатқан деген сөз. Мектептерде «Біртұтас тәрбие», «Адал бала» деген тұжырымдарды қолға алуда. Дегенмен олардың да концепциясын жан-жақты қарастыру керек. Біздің бұрыннан келе жатқан ұлттық тәрбиеміз бар. Сол нәрсе ешқандай институтсыз жұмыс істеп келді. Қаншама ұрпақты тәрбиеледі. Ал енді қазір балалар ғаламтор арқылы, түрлі платформалар бойынша тәрбиеленіп жатыр. Балам жыламысын деп, телефонды қолына ұстата салатындар бар. Ол баламен әкенің де, шешенің де шаруасы жоқ. Сондықтан да біз баламен қосып ата-анасын да тәрбиелеуіміз керек.

Құрылтайға келетін болсақ, бұл – тарихи оқиға. Осыдан бір ғасыр бұрын астана болған уақыттағы зиялылардың ізі бар жерде өтуінде үлкен маңыз бар. Сол уақытта қуғын-сүргін көрген біздің тұлғалардың зары жатыр бұл жерде. Жыршылық пен жыраулықтың үзілмеген дәстүрі жатыр. Сыр елінде ұйымдастырылуы саяси сабақтастық және тарихпен табысу деп ойлаймын.

Жиында Мемлекет басшысы мәдениет пен рухани өмірге арнайы тоқталды. Музей ісін дамыту да маңызды екенін айтты. Осы ретте облыста ашылған жаңа тарихи музейді ерекше атады. Заман талабына сай салынған орталықта музей ісін ұйымдастырудың тың тәсілдері қолданылып да атап өтті. Алдағы уақытта өңірде жаңа драма театр, заманауи кітапхана салынатынын жеткізді. Бұл жас буынның рухани танымын кеңейтіп, мәдениетті ұлт болуға септігін тигізеді.

Құрылтайда көп мәселе айтылуы мүмкін. Бірақ оның орындалуымен өлшенеді ғой. Сондықтан нәтижесін қоғам болып қабылдап, жақсылығына қуанып, ұлт ретінде ұйысып, тірлік жасауымыз осыдан басталады деп ойлаймын.

Ашықтық алға жетелейді

Қуат Шарабидинов: Мемлекет басшысы әдеттегі мерзімінен бұрын өткен осы құрылтайда саяси, парламенттік реформаға қатысты тың жаңалықтар ұсынды. Қандай пікірдіңіздер? Мұрат Бақтиярұлы, Парламенттің ішкі-сыртқы қызметі, көтерер жүгі сізге жақсы таныс дегендей...



БАЙЫПТЫ ЖОЛЫ

Мұрат Бактиярұлы: Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан соң Жоғарғы кеңес құрылып, арнайы заң қабылдайтын өкілетті орган болды. 1993 жылы Конституция қабылданып, Жоғары кеңестің статусы күшейді. 1995 жылы Конституция қайта қабылданып, сол арқылы Жоғарғы кеңес таратылғаны да белгілі. Артынша қос палаталы



Бұл – сайлаушылардың өз партиясын, ондағы депутаттардың жұмысын тікелей бағалауға мүмкіндік.

Депутатты саяси шешім қабылдайтын тұлға деп танысақ, ол нақты өз ісін терең менгергені жөн. Қазір мінберде тұрып, популизммен айналысатын азаматтарды халық біледі. Парламент мүшесі болып отырған азамат айтатын сөзін, жеткізер



Парламент дүниеге келді. Оған дейін бір палаталы болып келген болатын.

30 жыл уақыттан соң біз қайта бір палаталы Парламентке ауысқалы отырмыз. Өткен жылы қыркүйектегі Жолдауында Президент бұл мәселені ашық айтқаны жұртқа мәлім.

Әлем тәжірибесіне сүйенсек, көп мемлекеттердің Парламент жүйесі жиі өзгеріске ұшырайды. Енді сұрақ. Қазақстанға да мұндай өзгеріс, яғни бір палаталы, одан соң екі палатаға ауысу, ал осы жылы қайта бір палаталы Парламентке көшудегі себеп неде?

Ашық айту керек, еліміз отарлық жүйеде, қысымда болды. Арғысы патша үкіметі, одан кейінгі 70 жыл кеңес құрамындағы республика атандық. Билік Мәскеуге жалтақтады. Ал Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қоғамдағы ең мықты азаматтар Жоғары кеңеске сайланды. Әлі есімде Салық Зиманов, Сұлтан Сартәев сынды заңгер-ғалымдардың сол орғанда болуы ел дамуына, мемлекеттің қалыптасуына көп әсер етті. Олар популизмге жұмыс істемеді әрі өз саласы бойынша нағыз кәсібилері болды. Бір ғажабы, сол уақыттары сайлау жүйесіне жоғарыдан нұсқау да болмайтын. Халық белсенділігі де сайлауда жоғары болды. Өйткені, ел жайын анық түсінетін беделді адамдар додаға түсіп жатты. Нағыз мықтылар додаға түскенде басым дауыс деген аз болатын. Сайлаудың соңғы бәсекесінде екі кандидат қалса, соның біреуі аз ұпаймен дауыс жинап, депутаттыққа өтіп жүрді. Себебі – қарсыласы да осал емес. Ел арасында беделі мол азамат. Мысалы, өзім 1999 жылы облыстық мәслихат сайлауына қатыстым. Әр сайлау округтерінде біздің де, қарсыластың да сенімді өкілдері тұрды. Сонда дауыс ұрлау, күмәнді бюллетень салдыруға жол бермеді. Менің білетінім, 2004 жылға дейінгі ел ішіндегі сайлаулар дұрыс әрі әділетті өтті.

Ал 2007 жылдан бері партиялық тізіммен депутаттық мандат беріліп кетті. Рас, мұның да жақсы жағы жоқ емес. Бірақ сайлауға түсетін партиялар арасында бәсеке болғаны дұрыс. Міне, осындай ел арасындағы бәсекеге қабылетті, оза шабатын тұлғалар топтасқан мықты құрылым болғаны дұрыс.

Сондықтан Президенттің құрылтайда айтқан сөздері, бір палаталы парламент көптен бері пісіп келе жатқан дүние десек болады. Өз басым 12 жыл сенатор болғанымда, дұрысы 2015-2016 жылдары Сенаттың артық құрылым екеніне көзім жетті. Қараңыз, заң жобасы Мәжіліске келіп түседі, онда кемінде 3 ай қаралады. Ол талқыдан соң Сенатқа келеді. Сенат тәртібімен ол құжат бір, бір жарым ай қаралады. Сонда қабылданатын заң 5-6 ай, тіпті жарты жыл дейінкі, кешігіп жүреді. Мұның қажеті бар ма?

Мұны Қасым-Жомарт Тоқаев білді. Өйткені, оған дейін де Мемлекет басшысы бұл қызметтің басында болды. Менің түсінігімше, бұл қадам Сенатты тарату емес, біртұтас Парламент құру болмақ. Сондай-ақ Президенттің ұтымды ойы – оған «Құрылтай» атауын беруі. Қазақстан Республикасының құрылтайы. Маған осы өзгеріс атауы жақсы ұнады.

Енді осы құрылтайға сайлау қалай жүреді? Осыған тоқталайық. Қазір бізде тіркелген 6 партия бар. Кез келген елде билік партиясынан бөлек, өзіндік басым бағыттары бар өзге партиялар сайлауға түсетіні рас. Қазақстанда 12 млн-ға жуық сайлаушы бар десек, соның бір жарым миллионы кез келген партия тізімінде бар. Ал қалған сайлаушылар құқы ше? Айтқым келгені, партияда жоқ адам сайлауда дауыс бермеуі мүмкін ғой. Менің ойымша, бұл жерде қай партия болмасын, өз үміткерлерінің есімін жария түрде айтқан дұрыс. Әрі олар партия үшін үгіт-насихат кезінде тікелей ел арасында жүруі тиіс. Ал біз бас салып, «мына партияға дауыс бердік» дегенмен, ол партия атынан депутаттыққа баратын адамның кім екенін әрі білім деңгейін білмейміз. Партия тізімінде қандай азаматтар барын білген сайлаушы ол партияда болмаса да өзі көп үміт күтетін тұлға үшін сол партияға дауыс беруге ұмтылатыны анық. Бұған дейінгі сайлауларда осы мәселе мүлде қамтылмады.

Енді партияларды сайлап алдық, сол құраммен депутаттық мандатқа қол жеткізгендер тізіммен Парламентке өтті делік. Әлем елдерінде мынадай нәрсе бар, Парламенттегі әр сала бойынша құрылатын комитеттер құрамына нағыз сарапшы мамандар кіргені дұрыс. Олар өткізген отырыс, талқыланатын жатқан заң жобасы да халық алдында тікелей теларна не әлеуметтік желінің тікелей эфирінде көрсетсе деймін. Шектеу болмауы тиіс. Бұл қазіргі цифрлы заманда қиын емес. Мұндай ашықтық Ресейдің мемлекеттік думасында, басқа мемлекеттерде де кездеседі.

ойын әбден сарапап айтқаны дұрыс болады. Үлкен мінберде отырып, анасын туған күнімен құттықтау – абсурд. Тағы қайталап айтсам, депутаттыққа кез келген саладан тәжірибесі мол, кемінде 20-25 жыл еңбек өтілі бар адам барған дұрыс. Президент нақтылағандай, келесі заң шығарушы құрылымға нағыз кәсібилер мен тәжірибелі азаматтар керек. Осыларды халық ашық түрде жарияланған партиялық тізіммен тандап алса деймін.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ассамблея мен құрылтай жұмысының тәмамдалғанын, олардың миссиясы біткенін айтты. Ал құрылатын Халық кеңесіне кірген ассамблея өкілдері, жергілікті депутаттар және қоғамдық ұйым мүшелері жылына бір кездесіп, ой-пікірлерін айтады, көп мәселені талқыдан өткізеді. Оның кейбірін заң жобаларына кіргізе алады. Бұл – кеңес беруші орган болып есептеледі әрі Президенттің оң шешімі десек әбден болады.

Құрылтайда айтылған тағы бір ұғым – вице-президент лауазымы. Ел Президентінің саяси сауаттылығын, сұңғыла адам екенін ескерсек, қазір әлемдегі геосаяси ахуал тым күрделі екені айтпаса да түсінікті. Көптеген сарапшы-экономистердің сөзінше, 2026-2027 жылдары экономикалық ауыр уақыт күтіліп отыр. Бұл – жалғыз Қазақстан емес, көптеген елде болып жатқан жағдай. Байқасаңыз, ірі сауда орындарындағы кейбір кәсіпкерлердің тауар сату кабинеттері жабылып қалып жатыр. Жалға алу, салық мәселесі ауыртпалық түсіріп, кейбіреуі онлайн саудаға ауысқан.

Меніңше, осындай әлемдегі түрлі жағдаяттар ескеріле отырып жасалып жатқан қадам өте маңызды. Бұрын Президенттен кейін екінші адам – Сенат, үшіншісі – Мәжіліс төрағасы болып келсе, одан соң Үкімет басшысы болды. Енді жаңа құрылым бойынша «Президент-Вице-президент-Құрылтай төрағасы-Премьер-министр» лауазымы сатысымен жайғаспақ. Әрі президент белгілі бір жағдайда орнынан кеткенде екі ай ішінде жаңа сайлау өткізу жайлы айтқаны да демократиялық жағынан ойға қонымды.

Ел арасында осындай өзгерістерді қуаттағандар да, қарсы пікір айтқандар да жетерлік. Бұл заңды да. Мұндай жағдайда халыққа ашық түсіндіру, мемлекеттің дұрыс бағытын көрсету жұмыстарын іске асырған дұрыс.

Нажмадин Мұсабаев: Мұрат Бактиярұлы 12 жыл Сенат депутаты болған. Парламенттің ұңғыл-шұңғылын жақсы біледі. Мені ойландыратыны: Қазақстан халқы тәуелсіздік алған 30 жылда демократиялық үрдіске жетті ме? Әрине, Парламент атауының өзгеруі, Халық кеңесі ұйымының құрылуы – көптің тілегі. Мәселе халықтың 145 депутаты қалай сайлайтынында.

Бауыржан Елеусінов: Осыған дейінгі құрылтайларда елдегі сол кезеңде өрішіп тұрған тактикалық мәселелер қозғалған еді. Бұл жолы стратегиялық мәселелер күн тәртібіне қойылды. Қазақстанның тауу болашақтағы дамуының архитектуралық жобасы жасалды. Вице-президенттің міндеті айқындалды. Ол Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының мүддесін халықаралық форумдарда, шет мемлекеттердің делегацияларымен жүргізілетін келіссөздерде қорғайды. Сондай-ақ Парламентте Президенттің өкілі болады, отандық және шетелдік қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды және Мемлекет басшысының өзге де тапсырмаларын орындайды. Бір палаталы Парламент сайлауы пропорционалды, ал аймақтарда мажоритарлы жүйе арқылы өтеді. Өкінішке қарай елімізде партиялардың белсенділігі сайлау қарсаңында ғана байқалады. Олар қай кезеңде де елдің жағында болып, елдің сөзін сөйлесе, барлық уақытта өзінің бар екенін көрсетсе деген тілегіміз бар. Құрылтайдың ертеніне құрылған конституциялық реформа жөніндегі комиссия осындай ұсыныстар негізінде саяси шешім әзірлеп, ол жолбасшы құжатымызға айналса, құба-құп.

Демократия туралы анықтаманы Авраам Линкольннен артық ешкім бермеген шығар. «Демократия – халық үшін халық сайлаған билік» дейді. Алдағы уақытта құрылатын кәсіби құрылтайға өз ісінің білгірлері баруы қажет деп есептеймін. Атақты күрішші Ыбырай Жақаев «жазушы қаламмен, диқан кетпенмен айналысын» дегендей, оған өмірлік тәжірибесі мол адамдар баруы тиіс.

Қағазға түсірген Ержан ҚОЖАС, Назерке САНИЯЗОВА, Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы».
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРДЖАЙЫ

/// ӨРКЕНДІ Өңір



ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ МЕН СӘУЛЕТІ КӨЗ ТАРТАДЫ

Қызылорданың еліміздегі өркенін кеңге жайып келе жатқан, ең таза, ең сәулетті шаһарлар қатарына қосылғанын тұрғындар да, қала қонақтары да айтып жүр. Ұлттық құрылтайдағы сөзінде Президент: «Осы орайда, жергілікті халықтың еңбекқорлығы мен ұйымшылдығын атап өткім келеді. Мен Сыр елі жұртшылығының бойынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен жанашырлықты, нағыз отаншылдықты көремін. Облыс орталығымен қатар, әр ауылдың тазалығы көз тартады» деді. Сыр елінде өткен алқалы жиынға қатысушылар Қызылордадағы жаңа нысандарды аралап көріп, қаланың бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы ойларын ортаға салды.



Азамат Сатыбалды:

Қызылорда маған ұнады. Біраз болды келмегеніме. Қызылорда мүлде өзгеріп, жасарып, жаңарып кеткен. Менің ойымша, мұның бәрі халықтың ниеті ғой. Халықтың ниеті дұрыс болғаннан кейін жері де өнеді, өседі. Ең бастысы ел аман болсын! Сыр еліне сәттілік тіледім.

Шыны керек, мен үшін бір таңғалатын сәт болды. Мысалы, біраз жыл бұрын қазір Қызылорда осындай болады десе мен сенбес едім. Өзімнің көзім көргеннен кейін сендім. Маған ұнады. Аман болыңыздар! Қалаларыңызды, елдеріңізді сақтаңыздар.



Максим Рожин:

– Қалаға соңғы рет бір жыл бұрын келдім. Қалада құрылысы енді басталып, жүріп жатқан объектілерді көрдік. Бұл жолы келгенде олардың барлығының аяқталып, тапсырылғанына таңғалдық. Өте жылдам екен. Жалпы, бір нәрсені айту керек, өңірдің басшылығы жасап жатқан жұмыс басқа өңірлерге үлгі бола алатындай деңгейде деп есептеймін. Өйткені, құрылыс уақытылы бітеді, қала өте таза. Жаңа объектілер пайда болып жатыр. Жалпы, біз кризис, қаржы жетіспеушілігі бар деп айтып жүрсек, Қызылорда өңірінде барлығы орынды, уақыттығы бітіп жатыр. Бұл жергілікті биліктің ұйымдастырушылық қабілетінің өте жоғары екенін білдіреді. Сол үшін өз басым үлкен баға қоямын.



Самат Нұртаза:

– Қызылорда ең таза қала болып көрінді. Кеше жел соққанда да қарасақ, еш жерде қорық жоқ. Әкімшілік болсын, азаматтары да тазалыққа бейімі бар екен деп айтып жатырмын. Соңғы рет Қызылордаға әуежай салынып жатқанда келдім. Кеше ұшақтан түскенде көрдім, ғимараты жақсы, ішінде ешқандай қарбалас жоқ. Құтты болсын! Сыр еліне өте керек ғимарат деп есептеймін.



Жаксыбек Күлекеев:

– Қызылорда жас мемлекетіміздің бес жыл бойы астанасы болған қасиетті шаһар екені баршамызға мәлім. Бұл өңірді бекерге «Сыр елі – жыр елі» дейміз. Осы топырақтан елге белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жыршылар, ғалымдар көптеп шыққан. Қазіргі таңда ортамызда жүрген қазақтың біртуар азаматы, көрнекті ғалым Асқар Жұмділдаев та – Қызылорданың тумасы, ұлтымыздың мақтанышы.



Ерлан Саиров:

– Қызылорда қаласы жылдан-жылға көркейіп, жаңарып келеді. Түнгі Қызылорданың келбеті Астана мен Алматыдан кем түспейді. Сонымен қатар, біз қаланың әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын аралап көрдік. Қаланың тазалығы, тұрғын үйлердің заманауи сәулеті, әлеуметтік нысандардың ішінде ерекше көзге түсетін «Сыр жұлдыздары» шығармашылық академиясы көңіл қуантады. Әлемдік стандарттарға сай, 11 мың орындық жаңа стадионның ашылуы – соның айқын дәлелі. Осы орайда Сыр өлкесінің қарқынды дамып келе жатқанын нық сеніммен айтуға болады. Өңірдің адам капиталы алдағы уақытта бұдан да биік деңгейге көтерілетініне толық негіз бар.



Төлеген Нұрмағанбетұлы:

– Өзім Жезқазған қаласынан келдім. Қарға тамырлы қазақ болған соң, жылына кемінде бір рет осы жақтағы ағайын-туыстың жиынтойына қатысып тұрамын. Қызылорда қаласында атқарылып жатқан даму жұмыстарын әрдайым мақтанышпен айтып жүремін. Кеңес үкіметі жезінен бері кейбір қалалардың құлазып қалғанын көрдік. Ал Қызылордаға әр келген сайын өзгеріс пен жаңаруды байқап, қуанып қайтамын. Кейінгі жылдары бірнеше әлеуметтік нысан халық игілігіне берілгені де ерекше қуантады.



Анар Фазылжанова:

– Бүгінгі күн Қазақстан Республикасы тарихындағы ерекше күн. Себебі, Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы Сыр елінде өтіп жатыр. Мен бұрын Қызылордаға жұмыс бабымен бірнеше мәрте келгенмін. Одан бері біраз уақыт өтіп кетті. Келген кезде Қызылорда қаласын танымай қалдым. Сәні мен салтанатына, тазалығына таңғалдым. Бұл мен үшін өте қуанышты болды. Жалпы Қазақстанның қай қаласы болмасын көркейіп, гүлденгенін көру біз үшін зор бақыт.

Ал Қызылорда не үшін біздің жүрегімізден ерекше орын алады? Біраз, яғни, тілтанушылар Қазақстандағы тілдік ахуалды үнемі қарап, сараптап отырамыз. Оқтын-оқтын бүкіл республика бойынша өңірлерден тілдік ахуалды анықтау үшін сауалнама жүргіземіз. Сол сауалнамалар барысында Қызылорда халқының мемлекеттік тілді білу деңгейі ершаан бірінші орында тұрады. Сондықтан қазақ тілінің, мемлекеттік тілдің жанашыры ретінде мен осы Қызылорда халқына басымды иіп, тілге көрсеткен құрметі үшін алғысымды айтқым келеді.



СЫР ӨңІРІ – ЕҢБЕК ПЕН БІРЛІКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ



Қызылорда облысының заман талабына сай қарқынды дамуына, аймағымыздағы автокөлік жолының сапасы, әуе және теміржол жүйелерінің жаңғыртылуы, Кіші Аралды қалпына келтіру, «Көк-арал» бөгетін биіктету шаралары, облыс орталығымен қатар, әр ауылдың көз тартатын тазалығы, облыс орталығындағы жаңа тарихи-өлкетану музейіне ерекше тоқталды.

Аукымды инфрақұрылымдық жоба «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі мен «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысының басталатынын жеткізді. Бұл – өңір халқы үшін үлкен қуаныш.

Осындай тағылымды әрі тарихи басқосуда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолынан «Парасат» орденін алу – мен үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік.

Сыр жұртшылығының, халық қалаулыларының атынан және өз атыман Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына шынайы алғысымды білдіремін. Көрсетілген жоғары сенім мен құрметті ақтау – мен үшін басты парыз.

Біздің басты міндетіміз – өңіріміздің дамуына нақты үлес қосу және Мемлекет басшысының бастамаларының табысты жүзеге асуына бірлесе атсалысу. Еліміздің іргесі берік, бірлігі мығым болсын!

Құрылтайда қабылданған шешімдер ел игілігіне қызмет етсін!

Мұрат ТЛЕУМБЕТОВ,
Қызылорда облыстық
мәслихатының төрағасы

ТЫҢ БАСТАМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСА БЕРМЕК



Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында еліміздің болашағын айқындайтын ең маңызды мәселелер қаралды.

Әділетті, қуатты, қауіпсіз әрі таза Қазақстанның тұғырын одан әрі нығайту, заман талабына сай бейімделу мақсатында іске асатын парламенттік реформа аясында Ата Заңымыздағы өзгерістер ауқымды болмақ.

Бұл реформа жаңа Конституция қабылдаумен парапар болатыны айтылды.

Әрине бұл өзгерістер бүкілхалықтық референдумда қолдау тапқанда орын алады. Мемлекеттік билік реформалары бір палаталы парламент-құрылтайға көшу, халық кеңесін құру, вице-президент лауазымын енгізу биліктің әлеуетін арттырып, мемлекетіміздің дамуына серпін беретін болады.

Құрылтай жиынында еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуына қатысты бағыт-бағдар айқындалып, құзырлы органдарға нақты тапсырмалар берілді.

Ұлттық құрылтайдың V қорытынды отырысына құрылтай мүшелерімен бірге, бір топ Сыр өңірінің азаматы қатысып, мемлекеттік наградалар алды. Бұл бүгінде қарыштап дамып, өзге өңірлерге үлгі болып жатқан Қызылорда облысына деген Мемлекет басшысының құрметі деп білеміз.

Кейінгі кездері Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатқанын айтқан Мемлекет басшысы «Мен Сыр елі жұртшылығы бойынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен жанашырлықты, нағыз отаншылдықты көремін» деп ерекше тоқталды.

Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухана құрылысы басталды, көп ұзамай Президент тапсырмасына орай 500 орындық емхана, 200 орындық перзентхана салынып болады. Жоспарланған автомобиль жолдары, түрлі нысандар іске қосылғанда облыс әлеуеті әлдеқайда артып, өңіріміз өркендей түседі.

Ел игілігі жолындағы жаңашыл бастамаларға ұйытқы болып, алға жетелеп, халық алғысына бөленіп жүрген облыс әкімі Нұрлыбек Машбекулына да ризашылығымызды білдіреміз.

Ал мен үшін ең әсерлі сәт Ұлттық құрылтайда Президент қолынан «Парасат» орденімен марапатталуым болды. Бұл марапат менің қоғам алдындағы жауапкершілігімді еселей түседі. Мемлекет басшысына үлкен құрметіміз бен шынайы ықыласымызды білдіреміз.

Тәуелсіз еліміздің болашағы жарқын, баянды болсын.

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ,
қалалық мәслихат төрағасы

КІШІ АРАЛ СУЫН КӨБЕЙТУГЕ МҮМКІНДІК БАР



Ұлттық құрылтай ел дамуы үшін маңызды қоғамдық диалог алаңы болғанын көрсетті. Сыр өңірінде құрылтай өткізу – тарихи әділеттіліктің белгісі әрі ұлттық мемлекеттілікке бастау болған аймаққа көрсетілген құрмет. Жиында көтерілген тіл, мәдениет, өңірлерді дамыту, әлеуметтік әділеттілік мәселелері қоғамның нақты сұранысынан туындап отыр.

Бұл құрылтайдың басты құндылығы – халық үні ескеріліп, ұсыныстар нақты шешімдерге ұласуы тиіс деген ортақ жауапкершіліктің айқын сезілуі.

Сыр өңірінде өткен құрылтайдың жоғары дәрежеде ұйымдастырылғанын көруге болады. Мемлекет басшысының өзі ризашылығын білдірді. Елдің саяси жүйесінде «Құрылтай» атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалудың мәні үлкен. Бұл ретте Президент депутаттар санына қатысты қызу пікірталас туындағанын да ашық айтты, мәселенің аражігін ашып берді. Шын мәнінде тиімді әрі кәсіби Парламент құрудың маңызы зор. Жаңа заң шығарушы орган елдегі ауқымды өзгерістерге заңнамалық тұрғыда барынша қолдау көрсетуге тиіс.

Сонымен қатар, Президент Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емесін де жеткізді. Расында Арал – бір елдің ғана емес, тұтас Орталық Азияның ортақ мәселесі. Сондықтан трансшекаралық өзендерді тиімді басқару, су үнемдеу технологиясын енгізу, халықаралық ынтымақтастықты күшейту – басты міндеттердің бірі. Эколо-

гиялық сана қалыптастыру мен ғылыми зерттеулерді қолдаудың маңызы зор. Бұл ретте «Көкарал» бөгетін биіктету шаралары қолға алынғанын, жоба осы жылдың соңында басталатынын айтты. Енді Кіші Арал суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады.

Арал тағдыры – табиғатқа немқұрайлы қараудың ащы сабағы. Оны сақтау – келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Табиғатпен үйлесімді даму жолын тандаған жағдайда ғана Аралдың болашағына үмітпен қарауға болады.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, ел тағдырына қатысты ең күрделі мәселелерді қазақ халқы үнемі құрылтайда, билер кеңесінде шешкен. Ел бірлігі, жер тұтастығы, жұрттың амаңдығы бөріне ортақ ақылдасу алаңында талқыланған, шешім шығарылған, ортақ заң қабылданған. Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай сол ата дәстүрдің заманға сай жаңғыруы деп білемін.

Айтбай КӨШЕРБАЕВ,
қоғам қайраткері,
техника ғылымдарының кандидаты

БҰЛ МАРАПАТ – ЖЕРЛЕСТЕРІМНІҢ ДЕ МЕРЕЙІ



Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына 100 жыл толуына байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бесінші әрі тарихи құрылтайды Сыр өңірінде өткізуді ұйғарды. Бұл өңір

тұрғындары үшін қолдау әрі зор мәртебе екені рас.

Кейде көпшілік арасында осы құрылтайлар не шешіп жатыр деген ой болатыны жасырын емес. Өзім жиынға бастан-аяқ қатысып, Мемлекет басшысының бағдарламалық баяндамасын тыңдап, осыған дейін атқарылған жұмыстарға қанық болдым. Өзге де мәселелердің шешімін жариялаған кезде мұның елге қажет, экономикалық, әлеуметтік және рухани дамудың кепілі деуге тұрарлық маңызды шара екеніне көзіміз жетті. Қасым-Жомарт Кемелұлының баяндамасы сондай ұғынықты болды, көңілсізден шықты. Құрылтай Қазақстан экономикасының дамуына, әлемдік аренада өз орнын табуына ықпал еткені рас.

Ұлттық құрылтайда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы

аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса 40 медицина нысаны ашылды. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі» деп атап көрсетті. Расында, аймаққа әкім боп келгені Нұрлыбек Машбекулының атқарып жатқан істерін көзіміз көріп, сол нысандардың салтанатты ашылуларына қатысып жүрміз. Бұл құрылтай тарихи оқиға болып қалады.

Дәл осы тағдыршешті жиында Президент қолынан мемлекеттік марапат – «Парасат» орденін алдым. Мұны мен еңбегімді қолдап жүрген барлық жерлесімнің мерейі деп есептеймін.

Сәби АНСАТ,
қоғам қайраткері

ЖАҢА КЕЗЕҢ АЙҚЫНДАЛДЫ



Ықылым заманнан елдік мәселелер таразыға түскен сындарлы сәтте келелі кеңес өткізілетіні тарихтан белгілі. Тарихи сабақтастықтың заңды жалғасы ретінде Тәуелсіз қазақ елінде 2022

жылдан бері Ұлттық құрылтай жиыны өтіп келеді.

Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы Сыр өңірінде өтті. Бұл жолғы жиынның мәніне үнілсек, осыдан бір ғасыр бұрын ұлт болашағы үшін шешім қабылданып, «қазақ» атауы қайтарылған V съезден соң, араға бір ғасыр уақыт салып, бесінші құрылтай отырысының тағы да Қызылордада өтуі бекер емес.

Жиында ел дамуының жаңа кезеңі айқындалды. Бесінші құрылтай отырысы қоғам өмірінің барлық саласындағы мәселелерді қамтыды. «Ел болам десен, бесігіңді түзе» дегендей, ұлт тәрбиесінен бастап, ел болашағына дейінгі аралық, білім мен ғылым, экономикалық мәселелер назардан тыс қалған жоқ.

Құрылтай жиынында көтерілген ең өзекті тақырыптың бірі – парламенттік реформа. Жиында Президент атап өткендей, биыл ел болашағына тікелей

ықпал ететін маңызды кезең болмақ. Бір палаталы Парламент құру, жаңа парламентке «Құрылтай» атауын беру ұсынысы – тарихи сабақтастық екені даусыз.

Сондай-ақ жиын өткен Сыр топырағының қасиеті мен қадірін тілге тиек етіп, «Сырдың елі – жырдың елі» екенін атап айтып, Мемлекет басшысының: «Мен Сыр елі жұртшылығының бойынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен жанашырлықты, нағыз отаншылдықты көремін» деген пікірі бірлігі бекем елдің нәтижелі еңбегіне берілген баға дер едім.

Ұлт бірлігін бекемдеген Ұлттық құрылтай отырысынан кейін ел дамуы үшін оң өзгерістер болатынына күмән жоқ.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер
кеңесінің төрағасы

ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

Биылғы жылдың ең басты жаңалығы – Алаштың анасы атанған Сыр өңірінде Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысының өтуі. Құрылтай отырысында мемлекет, қоғам алдында тұрған маңызды мәселелер сараланып, саяси салмағы бар шешімдер қабылданды. Мемлекет басшысы Қызылорда облысында кейінгі үш жыл көлемінде атқарылған жұмыстарға жоғары баға берді.

«Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады.

Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда об-



лысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім

Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі» деді Президент.

Тағы бір жаңалық, осыған дейін Астана, Алматы қалаларында президенттік кітапхана құрылысы басталған болса, енді осындай заманауи кітапхана біздің облыста салынбақ.

Мемлекет басшысы Құрылтайда сөйлеген сөзінде еліміз ауқымды саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрғанын, алдағы парламенттік реформа көптеген өзгерістің өзегі болатынын атап айтты. Осы орайда құрылтайда ел ертені үшін қабылданған реформаларды құптаймыз және қолдаймыз!

Райкүл БАЙНАЗАРОВА,
облыстық әйелдер
кеңесі қоғамдық бірлестігінің төрайымы

ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



Мен үшін биылғы жыл жан жадыратарлық жаңалықтарға толы, жүрекке қуаныш ұялатқан тарихи сәттен басталды.

Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан «Шапағат» медалін алдым.

Бұл марапат жеке жетістігім емес, ең алдымен, мені үнемі қолдап келе жатқан жақындарымның, әріптестерімнің және ел бірлігі жолында талай жылдар бірге

еңбек етіп жүрген жандардың ортақ еңбегіне берілген баға деп білемін.

Жоғары марапат маған ел игілігі жолында аянбай қызмет етуге, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтуға, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға бағытталған еңбегімді жаңа жауапкершілікпен жалғастыруыма зор серпін береді.

«Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі жылдар бойы жастар арасында ынтымақты нығайтуға, қоғамдағы өзара түсіністік пен

келісімді сақтауға өлшеусіз үлес қосып келеді. Сондай-ақ жастар отаншылдық пен ынтымақтастық, жасампаздық пен жауапкершілік сияқты басты құндылықтарды дәріптеу жолында айрықша рөл атқаруда.

«Ассамблея жастары» еліміздегі бірқатар маңызды жобаның бастамашысына айналды. Қазір республикалық ұйым 10 мыңға тарта жасты біріктіріп отыр.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауларында, «Түркістан»

газетіне берген сұхбатында, кешегі Ұлттық құрылтайда жастарға зор сенім артатынын айтып келеді. Біздің қаламызда өткен алқалы жиын тарихымызға жазылатын маңызды оқиға болды. Онда Қызылорданың даму қарқынына Президентіміз де, келген қонақтар да жоғары баға берді. Біз туған жеріміздің әр жетістігін мақтанаш тұтамыз.

Елена ПАК,
«Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы

СТАТИСТИКА САЛАСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ

«Адам өмірге бір-ақ рет келеді. Аққан селдей, соққан желдей тасқындаған өмір өтеді де кетеді, артына бұрылмайды. Адам есі болмай туады, есегңіреп өмір сүреді, есі кіргенде ана дүниеге аттанады. Бар болғаны осы» – деп, бір ғұлама айтқандай, өмірге келген пенделердің көпшілігі неге келгенін де білмей өтеді екен.

Тек жарық дүниеге жалындап келген, көкірегінде алысқа самғасам, байке шарықтасам, тереңге сүңгісем, бйікеде озсам деген асқақ арманы мен үміті буырқанған бірен-сараны ғана маңдай терімен, қажырлы еңбегімен Жаратқан иесі бізген талантын ұштап, мақсатына жетіп, артына із қалдырады. Бақыт Иниятұлы Сапар ағамыз да дәл сондай жан болатын.



Бақыт Иниятұлы 1950 жылы 7 маусымда Арал ауданы «Қамбаш» станциясында дүниеге келген. «Баланың алғашқы тәрбиешілері – ата-аналары. Өмір сыйлау – барлық тірі болмыс иелеріне жалпы берілген парыз болғанымен, қоғамға пайдалы, адамзатқа лайық адамдарды сыйлау үлкен міндет. Осы міндетті Иният ақсакал мен Күнжамал анасы ұрпақтарын жастайынан оқуға, өнер-білімді игеруге және еңбек етуге тәрбиелеу арқылы орындауға ұмтылғандай.

Ол орта мектепті бітіргеннен кейін Совет Армиясы қатарындағы азаматтық борышын орындап, еңбекке араласты. Әр жылдары ҚазССР Тұтынушылар одағының нұсқаушы-ревизорлар мектебінде «Ревизор», Қарағанды кооперативтік институтында «Бухгалтерлік есеп», Бағалау институтында «Бағалау» және «Болашақ» университетінде «Заңтану» мамандықтары бойынша оқып, жоғары білім алды.

Еңбек жолын 1966 жылы Қазалы тұтынушылар қоғамының үйренуші-счетоводы болып бастап, өзінің алғырлығы мен кез келген іске жауапкершілікпен қарауы арқасында бас есепшінің орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Онан кейінгі жылдары бухгалтерлік есеп бойынша ҚР Ұлттық комиссиясы аумақтық басқармасының бастығы, Қаржы министрлігінің облыстық бухгалтерлік есеп және аудит басқармасының басшысы, «Клиринг» аудиторлық компаниясының бас директоры қызметтерін абыроймен атқарды.

Кез келген ел үшін статистика деректерінің стратегиялық маңызы зор. Өйткені, статистика нақты деректер тілі және осы мәліметтерге байланысты экономиканы дамыту, әлеуметтік саясат, ресурстарды басқару және т.б. маңызды бағыттарға сәйкес елдің даму жоспары айқындалады. Мемлекет үшін маңызды облыстық статистика саласын Бақыт Иниятұлы 2002 жылдан бастап 2015 жылы құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін басқарды. 2015 жылдан 2019 жылға дейін Статистика агенттігінің облыстық филиал директоры болып қызмет атқарды.

Бақыт ағамыз статистика органдарында жұмыс істеген кезеңінде өзін сауатты, білікті, жауапкершілігі мол басшы, мықты ұйымдастырушы ретінде көрсетіп, парасат-пайыммен ұжымды біріктіре білді. Мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне, қушауатының артуына, экономикалық, өндірістік, әлеуметтік, демографиялық, халықтың тұрмыс-тіршілік жағдайын шынайы мәліметтермен қамтамасыз ету ісіне зор үлес қосты. Тыңдырармыз тірілігімен көпшілік алғысына бөленген, қоғаммен тығыз қа-

рым-қатынас орнатып, қиын кезеңде елдің мәселесіне ерекше мән берген басшы болды.

Табиғатта заттардың негізгі төрт агрегат күйі болатыны белгілі. Қатты күй, сұйық күй, газ күйі және плазма. Молекулалардың орналасу және олардың байланыс энергияларына сәйкес әрқайсысының өзіне тән физика-химиялық қасиеттері болады. Соның ішінде, сұйық күйдегі заттар өзінің формасын оңай өзгерте алады, қандай формалы ыдысқа құйсаң сондай формаға оңай келе салады. Қазіргі қазақ қоғамында осы сұйық тектес жандар тұын көбейіп барады. Табанының бүрі жоқ, өз позициясын қорғай алмай, тек бас шұғылп тірлік ететіндер көбеюде. Ал Бақыт ағамыз әркез шындықты, өз пікірін күлтектемей тура айтатын. Қандай деңгейдегі басшы болса да өзінің ойын қайыпқпай айтып, дәлелдеп шыққан сәттерін жасыы білеміз. Өйткені статистикалық мәліметтер барынша нақты, шынайы болу керек деген ұстанымда болатын.

Жасында жетім қалып, білім бұлағынан сусындай алмаған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар бір хадисінде «Бір сағат ілім үйрену – бір сағат құлшылық етуден жақсы, бір күн бойы дәріс алу үш ай ораза тұтқаннан кем емес» деп білімнің құлшылықтан кем емес екенін салмақтап кетіпті.

Жер басқан пенденің тыныш өтуі мүмкін емес, өйткені өмір – максатқа ұмтылу. Максат ешқашан жеткізбейді, оны ғұмыр бойы қуып отырасың дегендей, Бақыт ағамыз да өмір бойы оқу, үздіксіз білімін жетілдіріп отыру жолын таңдаған жан. Жақсы кітаптарды таңдап жүріп оқып, оқығанда да оның ішіндегі терең ойларды, қанатты сөздерді теріп жазып алатын. Қазақ халқы тарихында өшпес із қалдырған атақты би-шешендердің нақыл сөздерін жинайтын, керекті жерінде орынды пайдаланатын.

Өбіш Кекілбастың мына сөздерін жиі айтатын. «Бәрін жипы қойып елдікті ойлайық. Өйткені бәріміздің де көкейімізді тесіп жүрген әділет пен теңдік болса, тек елдік бар жерде болады. Елдік болуы үшін жүйесін тапқан жүйелі сөзге тоқтай білер жоралы жұрт керек. Жұрт тоқтаа алатын өнегелі сөз керек. Көш бағытын түзейтін көсем пікір керек» деп отыратын.

Бақыт ағамызбен 30 жылға жуық ағалы-інілі қарым-қатынаста болдым. Алқалы жиындардағы өзекті мәселелер қозғалған ойлы баяндамаларын тыңдағанбыз. Респуб-

ликадан келген статистика саласының басшыларымен араластым. Барлығы да ағамызды адамгершілігі, шынайылығы, терең білімі мен өзіндік ұстанымы үшін сыйлайтын, құрметтейтін. Сол кездегі республикадағы статистика саласының басшысы, кейін Премьер-министр болған Әлихан Смайылов және оның орынбасарларымен жақсы байланыста болды. Тәуелсіздік мерекелері қарсаңында профессор Баймырза Қожамберлиев екеуміз статистика мамандарына Тәуелсіздік алар кездегі және қазіргі уақыттағы елдегі жағдай жөнінде көптеген сандық мәлімет келтіріп, салыстыра дәріс оқитынбыз, баска да семинар, конференцияларына жиі қатысатынбыз. Өз кезегінде ағамыз «Болашақ» университетінде мемлекеттік аттестаттау комиссиясының мүшесі ретінде түлектердің білімін бағалап, экономика, қаржы мамандығы студенттеріне дәріс оқитын.

Қоғамда туындап отыратын өзекті тақырыптарға байланысты азаматтық үнін әлеуметтік желіде, газет беттерінде білдіріп отыратын сергек жан еді. Семей полигонында зардап шеккендердің қозғалысына да белсене араласатын.

Бәкен есеп-қисап жұмыстары ғана емес, барлық жағынан да талантты жан болатын. Ол мықты математик, шахматист болуымен қатар, бильярд және үстел теннисі ойындарының нағыз шебері болатын. «Мен» деп келген өзінен әлдеқайда кіші жігіттерге талай мәрте мастер-класс көрсеткенінің күресіміз.

Елу жылдан астам еңбегінің нәтижесінде Президент Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл», «ҚР Конституциясына 20 жыл» мерейтойлық медальдарымен, Статистика агенттігінің «Статистика үздігі» төсбелгісімен марапатталған, «Нұр Отан» ХДП және облыс әкімінің Құрмет грамоталарын бірнеше рет иеленіп, Экономика министрлігінің «Еңбек ардагері» медалінің иегері атанған.

Осындай қыруар істің басы-қасында жүрген ардақты ағамыз Бақыт Иниятұлы Сапар 2025 жылдың 18 желтоқсанында 75 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

«Өмір барда өлім бар, өзгеру бар. Өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ. Бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады. Тек мәңгі өлмейтін нәрсе – адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі» деп түркі жұртының ғұламасы Қорқыт бабамыз айтқандай, Бақыт ағамыз көзден кетсе де, көңілден кетпек емес.

Биік таулардан қуалап, кеністікке бет түзейтін жойқын дария сияқты толасыз уақыт ағынында еш тоқтам жоқ.

Ағамыздың талбесіктен жербесікке ауысқанына да 40 күннің жүзі болып қалыпты. Топырағыннан торқа шапан жамылып, мына дүбірлі дүниенің тылсым үнін тыңдап жатқандайсың, аға! Өзіңді ардақ тұтар жандар барда, өзінен тәрбие алған інілерің, ұрпағың барда Көбей шешеннің: Дүниеде жақсылықпен шыққан атың, Ол атты қандай адам ұмытатын. Тұлпардай тулап өтер талай заман, Жаксы ел еш ұмытпас, азаматын, – деп жазғанындай, елдің мәңгі жүрегіндесің, Бақыт аға!

Бауыржан ЕЛЕУСІНОВ,
физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор

Хабарландыру

«Сырлария-1» КС» ЖШС 2026 жылдың 29 қаңтар күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

- Күн тәртібінде:
1. Серіктестіктің 2025 жылғы атқарылған жұмыстарының қорытындысын және серіктестік ревизорының тексеру қорытынды есебін талқылау, бекіту туралы.
 2. Серіктестіктің 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап бюджет пен штат кестесін бекіту туралы.
 3. «АНК» АҚ арқылы несие рәсімдеу шарты мен ережелерін, серіктестіктің жарғылық қорынан берілетін ережелеріне және серіктестік ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізу, бекіту туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырлария-1» КС» ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)

Хабарландыру

«Сыр бойы» КС» ЖШС 2026 жылдың 29 қаңтар күні сағат 15:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

- Күн тәртібінде:
1. Серіктестіктің 2025 жылғы атқарылған жұмыстарының қорытындысын және серіктестік ревизорының тексеру қорытынды есебін талқылау, бекіту туралы.
 2. Серіктестіктің 2026 жылға бюджет пен штат кестесін бекіту туралы.
 3. Серіктестіктің негізгі қорына жаңадан офистік мүліктер сатып алу туралы.
 4. «АНК» АҚ арқылы несие рәсімдеу шарты мен ережелерін, серіктестіктің жарғылық қорынан берілетін ережелеріне және серіктестік ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізу, бекіту туралы.

Сонымен қатар қатысушыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сыр бойы» КС» ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 061 140 005 106)

Салық төлеушілердің назарына!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2026 жылдың 1-қаңтарына дейін АСР қолданған салық төлеушілер оңайлатылған декларация негізіндегі АСР-ды қолдану үшін қолданылатын салық режимі туралы хабарламаны кәсіпкерліктің тіркелу орны бойынша 2026 жылдың 1-наурызына дейін (оны қолдану шарттарына сәйкес болған кезде) ұсыну қажеттігін хабарлайды.

Ескертпе: Хабарлама ұсынбаған жағдайда, 2026 жылғы 1-наурызға дейін қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны ұсынбаған жағдайда, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданушы болып танылады.

Қаржы министрлігі «Халық бухгалтері» акциясы жүргізілетінін хабарлайды

Әр дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін Қызылорда қаласының кәсіпкерлеріне кәсіби бухгалтерлер мен аудиторлар, мемлекеттік органдардың сарапшылары тегін кеңес береді. Салықтар мен есептілік, есеп және ақпараттық жүйелердегі жұмыс бойынша жауаптар. Өз сұрағыңызды қоюға уақыт бөліңіз!

Акцияның өтетін орны: Қызылорда қаласы бойынша кірістер басқармасы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 23.

Қызылорда облысының әкімдігі 2025 жылдың IV тоқсанында табыстаған жер учаскелері туралы ақпарат

№	Жер учаскесі табысталған тұлғаның атауы	Негізі	Нысаналы мақсаты	Алаңы, гектар	Орналасқан жері	Құқық түрі	Жалға алу мерзімі
1	«ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитеті» РМҚ	ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 2) тармақшасы, Магистралдық құбыр туралы ҚР Заңының 7- бабының 2-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2024 жылғы 22 қарашадағы №64 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 3 қыркүйектегі №КЗ10VBG01640032, №КЗ69VBG01640037, №КЗ48VBG01640027 бұйрықтарымен бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобалары	магистралды су құбырын жүргізу және пайдалану үшін,	55,7901	Арал ауданының аумағы	тұрақты жер пайдалану құқығы	
2	«Seven Rivers Technologies» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 2) тармақшасы, 32-бабына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2025 жылғы 27 қаңтардағы №1 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 28 наурыздағы №КЗ18VBG01561706 бұйрығымен бекітілген жер учаскесін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жоба-сы	кварц құмын өндіру үшін	40,0	Арал ауданы, «Жанпілес-3» кеніші	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы	2034 жылдың 9 желтоқсанына дейін
3	«Қуатамлонмұнай» бірлескен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 2) тармақшасы, 32-бабына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2025 жылғы 24 қыркүйектегі №16 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 3 қарашадағы №КЗ234VBG01672192, №КЗ18VBG01672189, №КЗ29VBG01672185, №КЗ40VBG01672181, №КЗ42VBG01672145, №КЗ47VBG01672152, №КЗ62VBG01672173, №КЗ84VBG01672165, №КЗ94VBG01672179 бұйрықтарымен бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобалары	Қоныс және Бектас кеніштері аралығындағы әуе тоқ желісі үшін, К-59, К-60, ІОК-8, ІОК-9,ІОК-10,ІОК-11 ІОК-12,ІОК-13 мұнай барлау ұңғымалары және оған кірме жолдары үшін	25,6763	Сырдария ауданы	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы	2049 жылдың 4 қарашасына дейін
4	«Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі қоғамы	ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 2) тармақшасы, 32-бабына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2025 жылғы 11 шілдедегі №10 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 5 желтоқсандағы №КЗ17VBG01691607 бұйрығымен бекітілген жер учаскесін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жоба-сы	су ұңғымасы үшін	0,015	Сырдария ауданы, «Қызылорда-Жезказған» автожолының 102-ші шақырымы	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы	2027 жылдың 26 қыркүйегіне дейін
5	«Семізбай-У» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 2) тармақшасы, 32-бабына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2025 жылғы 11 шілдедегі №11 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 3 желтоқсандағы №КЗ36VBG01689422, №КЗ25VBG01689426 бұйрықтарымен бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобалары	уран өндіру үшін	20,7	Шиелі ауданы, «Иіркөл кеніші»	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы	2030 жылдың 31 желтоқсанына дейін
6	«Қазгермұнай» біріккен кәсіпорыны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 2) тармақшасы, 32-бабына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2025 жылғы 18 тамыздағы №14 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 12 желтоқсандағы №КЗ26VBG01695131, №КЗ15VBG01695135, №КЗ10VBG01695128, №КЗ69VBG01695133 бұйрықтарымен бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобалары	«Ақсай-72» мұнай ұңғымасы және оған кірме жол, электр желісі, мұнай желісі үшін, Жоғары кернеулі (ВЛ-110 кВ) ток желісінен ПС ГТЭС-ке дейін қосылатын ток желісінен бағаналары үшін	13,58	Сырдария ауданы, «Ақсай» кеніші, «Ақшабулақ» кеніші	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы	2032 жылдың 1 наурызына дейін
7	«Кристалл Менеджмент» акционерлік қоғамы	ҚР Жер кодексінің 16-бабының 1-тармағы 2) тармақшасы, 32-бабына сәйкес, облыстық жер комиссиясының 2025 жылғы 18 тамыздағы №13 хаттамалық шешімі және «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 21 қазандағы №КЗ18VBG01666951, №КЗ66VBG01666960, №КЗ71VBG01666967, №КЗ27VBG01666983, №КЗ59VBG01666989, №КЗ10VBG01666998, №КЗ96VBG01667002, №КЗ85VBG01667006 бұйрықтарымен бекітілген жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобалары	электр энергиясын өндіру, ілеспе газды өңдеу, ілеспе газды қысу, ілеспе газды жою, жер қабатында пайдаланылған суды жою үшін, №1, №2, №3, №4 учаскелері, көмірсутектерді өндіру үшін жер учаскесіне қосымша жер учаскелері үшін, №1, №2, №3, №4 учаскелері	117,3408	Жалағаш ауданы, «Қаракөл» кеніші	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы	2048 жылдың 2 мамырына дейін

/// ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

ТАСТАЯҚ ТАМАШАСЫНА БӨЛЕГЕН ҮШ КҮН

Қызылордада бильярд спортынан спорт шеберлігіне үміткер Серік Сауытовты еске алуға арналған бильярдтан халықаралық турнир болып өтті.

Турнирге Өзбекстан, Қырғызстан және елімізден 192 спортшы қатысты, олардың алпысы кәсіби спортшылар болды. Қаладағы «Start-loft», «Grant», «Aventodor» бильяр клубтарында үш күн бойы өткен жарысқа қызылордалық спортсүйер қауым көп жиналды. Олардың дені екі дүркін Әлем чемпионы Ернар Шымбаев пен Әлем кубогында орыс билиярының атакты феномені Иосиф Абрамовты ұтқан қырғыз Ызатбек Ратбековтің ойынын көруге құмарланғаны анық. Сонымен қатар бұл турнирге – Жәнібек Қызыбеков, Әлібек Омаров, Фархад Қосжанов, Айдос Туғанбаев секілді тастаяқта атағы дүрілдеп тұрған шеберлер де қатысты. Алайда, Шымбаев пен Ратбеков ойындарын емес, ішкі ойларының басқа екенін байқатты.



Олар Серік Сауытовтың ұлы Дінмұханбеттің шақыруын құрметпен қабыл алғанын білдіріп, қонақтарға жол берді. Осылайша, екі миллион теңгелік 1-орынды қырғызстандық Арсен Қалыбекуулы олжалап, бір миллион жұлдесі бар 2-орынды Өзбекстан чемпионы Нодирбек Мирзоев алды. 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысқан елшіл ер, өмірде талай мұқтажға жақсылық жасаған жан, Әлем чемпионатының сегіздік тобына дейін жетіп, бильярд ойынынан да мықтылығын танытқан Серік Сауытовты еске алуға арналған турнир бұл спортқа қызығушылардың көп екенін көрсетті. Қарсыласын емес, қателігін жеңуге үйрететін дәлдік пен ой ұшқырлығының ойыншыларын сарапқа салатын турнирлер алдағы кезеңде де болып тұрады деді, бильярд шарларының үнін құлақта қалдырған шараны ұйымдастырушылар.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

«ҚЫЗЫЛОРДА ЭЛЕКТР ТАРАТУ ТОРАПТАРЫ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2025 ЖЫЛҒЫ 2-ШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА АРНАЛҒАН ТҰТЫНУ КӨЛЕМДЕРІ ЖӘНЕ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҰТЫНУШЫЛАР ТОПТАРЫ БОЙЫНША КІРІС ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

БСН 961140000212

экономикалық қызметтің жалпы жіктеуші бойынша қызмет атауы	өткізу көлемі (киловатт сағат)							өткізу көлемі (мың теңге) (қосымша құн салығынсыз)							босату бағасы теңгемен (қосымша құн салығынсыз)							кірістілік деңгейі		
	барлығы*	тұтынушылар санаты						барлығы*	тұтынушылар санаты						барлығы	тұтынушылар санаты						шығыстар, мың теңге	реттелін көрсетілетін қызметтерден түскен кірістер, мың теңге	кірістілік деңгейі, %
		заңды тұлғалар		жеке тұлғалар*					заңды тұлғалар		жеке тұлғалар*					заңды тұлғалар		жеке тұлғалар*						
		саралаусыз сату тарифі бойынша		тұтыну көлемдері бойынша		саралаусыз сату тарифі бойынша			саралаусыз сату тарифі бойынша		тұтыну көлемдері бойынша		саралаусыз сату тарифі бойынша			саралаусыз сату тарифі бойынша		тұтыну көлемдері бойынша		саралаусыз сату тарифі бойынша				
		23.07.25ж. дейін	23.07.25ж. кейін	23.07.25ж. дейін	23.07.25ж. кейін	23.07.25ж. дейін	23.07.25ж. кейін		23.07.25ж. дейін	23.07.25ж. кейін	23.07.25ж. дейін	23.07.25ж. кейін	23.07.25ж. дейін	23.07.25ж. кейін		23.07.25ж. дейін	23.07.25ж. кейін	23.07.25ж. дейін	23.07.25ж. кейін	23.07.25ж. дейін	23.07.25ж. кейін			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі	45 938 975	0			0	6 405 629	39 533 346	1 148 507		0			141 592	1 006 915	25,00					22,10	25,47			
1-деңгей	189 241 411	0		41 957 773	147 283 638		0	4 425 094		0	902 069	3 523 025			23,38			21,50	23,92					
2-деңгей	17 205 562	0		1 589 365	15 616 197		0	519 850		0	42 619	477 231			30,21			26,82	30,56					
3-деңгей	8 342 678	0		997 133	7 345 545		0	313 775		0	33 175	280 600			37,61			33,27	38,20					
бюджеттік ұйымдар	49 148 622	5 345 992	43 802 630		0		0	1 577 870	229 625	1 348 245					32,10	42,95	30,78							
өзге тұтынушылар	323 950 200	77 131 214	246 818 986		0		0	9 573 955	1 976 867	7 597 088					29,55	25,63	30,78							
ТЭЦ-6 суб. абоненттер	3 289 712	265 708	3 024 004		0		0	72 561	5 202	67 359					22,06	19,58	22,27							
ӨМБАТТ	2 357 724	0	2 357 724					66 724		66 724					28,30		28,30							
«ҚЭТТК» АҚ бойынша барлығы	639 474 884	82 742 914	296 003 344	44 544 271	170 245 380	6 405 629	39 533 346	17 698 336	2 211 694	9 079 416	977 863	4 280 856	141 592	1 006 915	27,68	26,73	30,67	21,95	25,15	22,10	25,47	18 667 548	17 698 338	-5,2

*-жесдел деректер

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ 2025 жылғы 2-жартыжылдыққа арналған шекті бағада ескерілген электр энергиясын, сатып алу және (немесе) беру жөніндегі қаражатты пайдалану туралы ақпарат

мың теңге

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы	Нақты шығындар	Айырма
Электр энергиясын сатып алу шығындары	6 762 301	7 705 297	942 996
Ұлттық электр желісін пайдалану және электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған шығындар	8 023 398	7 225 880	-797 518
Электр қуатының электр қуаты нарығында жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге арналған шығындар	2 294 442	1 331 634	-962 808
Жиынтығы:	17 080 141	16 262 811	-817 330

Әкімшілік нысанның атауы: «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ, БСН 961140000212 (экономикалық қызметтің жалпы жіктеуші бойынша қызмет түрі) шекті бағасында ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы не орындалмауы туралы жартыжылдық ақпарат 35140 электр энергиясын сату (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) Әкімшілік деректер нысанының индексі: ОИП және НЕИП-1 Кезеңділік: жартыжылдық Есепті кезең: 2025 жылғы 2- жартыжылдық Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі: «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ ЖСН/БСН 961140000212

№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы (қолданылу кезеңін көрсете отырып)	Кім бекітті (бұйрықтың күні, нөмірі)	Іс-шараның атауы	Іс-шаралардың іске асырылу жылдары		Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің жоспарлы параметрлері (көрсеткіштері)				Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің орындалуы, нақты параметрлері (көрсеткіштері), (тоқсан сайын, есіп отыратын жиынтығымен)								Ауытқулар	
				1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	Өлш. бірл.	Техникалық параметрлер	Өлш. бірл.	Инвестициялар сомасы	Өлш. бірл.	Инвестициялар көзі	Өлш. бірл.	Техникалық параметрлер	Өлш. бірл.	Инвестициялар сомасы	Өлш. бірл.	Инвестициялар көзі	Ауытқулар	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

* 2025 жылдың шекті бағасында инвестициялық бағдарламаның (жобаның) жүзеге асырылуы қаралмаған

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.